



# ҮКІМЕТ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫН БА?

Уақыт аз қалды. Енді бір санаулы күндерден кейін жаңа оқу жылы басталады. Осы аптаның сейсенбісіндегі Үкімет басшысы О.Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында мектеп, колледж, жоғары оқу орындары, мемлекеттік, жеке, ауыл, қала деп бөлмей, жалпы білім беру мекемелерінің жаңа оқу жылына дайындық мәселесі қаралды. Баяндама жасаған Министрлер өткен оқу жылы қорытындыларына шолу жасап, биылғы оқу жылында орын алатын өзгерістерге, оқушылардың тамақтануы, білім беру мекемелерінің қауіпсіздігі, материалдық жағдайы барысындағы жақсы жаңалықтарға тоқталды.

Үкімет басшысы сапалы біліммен қамтамасыз ету жөніндегі Президент тапсырмасын жүзеге асыру барысындағы оң өзгерістерге қолдау білдіріп, білім беру мекемелерін жаңа оқу жылына кедергісіз даярлап жатқан өңір әкімдерінің жақсылығын айтып, олардың нұрын тасытумен қатар, еліміздегі мектептерде күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын 1 қыркүйекке дейін аяқтай алмау қаупі барларды да атап айтып, олардың “құтын қашырды”.

Денсаулық сақтау министрі А.ӘЛНАЗАРОВА:

– 2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап білім беру ұйымдарында жаңа Тамақтану стандарты енгізіледі. Стандарт дұрыс тамақтануға қойылатын заманауи халықаралық талаптарды ескере отырып әзірленген және қантты тұтынуды 3,6 есеге дейін, тұзды 5 есеге дейін азайтуды, сондай-ақ көкөністер, жемістер мен сүт өнімдерін тұтынуды арттыруды көздейді. Стандартта сондай-ақ шағын жинақты мектептерде, буфеттерде тамақтануды ұйымдастыруға және арнайы диеталық қажеттіліктері бар балалардың тамақтануына қойылатын талаптар қамтылған. Тамақтану стандартын жүзеге асыру аясында бірнеше нұсқада мектепте тамақтануға арналған үлгілік стандартты ас мәзірі әзірленді, алғаш рет ыстық тағам әзірлеуге мүмкіндігі жоқ шағын жинақты мектептерге арналған мәзір жасалды.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат НҰРБЕК:

– Студенттердің оқу жылының басында көптеп келуі, әсіресе Алматы және Астана қалаларында күтілгендіктен, Министрлік ахуал, дағдарыс орталықтарын ұйымдастырды. Биылғы жаңа оқу жылында ахуалдық орталық Қазақ ұлттық педагогикалық қыздар университетінде, дағдарыс орталығы М.Тынышпаев атындағы көлік және логистика университетінде орналастырылды. Ахуалдық орталық студенттерді жатақханалардағы орындар туралы хабардар етеді, дағдарыс орталықтар форс-мажорлық жағдайларда тұрғын орынмен қамтамасыз етеді. Республикалық ахуалдық орталықта 10 адам студенттер мен олардың ата-аналарына жатақханалар, ЖОО қабылдау туралы ақпарат ұсын-

са, дағдарыс орталығында 55 орындық жатақхана резервте тұр. Сондай-ақ, барлық жоғары оқу орындарында көмекке мұқтаж студенттерді қолдау үшін ахуал орталықтары, жоба кеңселері жұмыс істейді.

Жаз айларында жоғары оқу орындарының 58 нысаны күрделі жөндеуден, 560-тан астам нысан ағымдағы жөндеу-

Үкімет басшысы Олжас БЕКТЕНОВ:

– Балалардың сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасау мәселесі Мемлекет басшысының ерекше назарында. Отаншыл, білімді әрі жасампаз ұрпақ тәрбиелеу – мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы. Оқушылар мен студенттердің жайлы оқуын қамтамасыз ету үшін білім беру мекемелерін салу және жаңғырту жұмыстары қызу жүріп жатыр. Қыркүйек айында 115 мың жаңа оқушы орнына арналған 83 жаңа мектеп ашу жоспарлануда. Оның ішінде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 57 білім ошағы пайдалануға беріледі. Олардың толыққанды жұмысқа дайындығын қамтамасыз ету – маңызды міндет.

ден өткізілген. Барлық жөндеу жұмыстары 20 тамызға дейін аяқталады деп жоспарлануда. Сонымен қатар оқу ғимараттары мен жатақханаларда бейнебақылау жүйелері, турникеттер, дабыл түймелері, өртке қарсы құралдар орналастырылған. 80-нен астам университеттің нысандарында террористік қауіпсіздік паспорттары бекітілген, сондай-ақ, лицензиясы бар күзет агенттіктерімен келісімдер жасалған. Жаңа оқу жылына дайындық жоспарлы және жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Бұл жұмыстар үнемі Министрліктің бақылауында.

Жаңа оқу жылының қарсаңында мемлекет қолдауына мұқтаж балалардың барлығына дер кезінде материалдық және әлеуметтік көмек көрсетілуге тиіс. Ол үшін биыл 23 млрд теңгеден астам бюджет қаражаты көзделген. Бұл кемінде 500 мың баланы әлеуметтік қолдауға мүмкіндік береді. Өңір әкімдеріне осы жұмысты бақылауға алу міндеттелді. Сондай-ақ Оқу-ағарту министрлігіне өңір әкімдіктерімен бірге 1 қыркүйекке дейін барлық оқушыларды оқулықтардың толық жиынтығымен қамтамасыз ету тапсырылды.

Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Бауыржан ӘЛЕНОВ:

– Дабыл түймелері бойынша. Барлығы 96% объекті жабдықталған. Алайда, Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстарына және Алматы қаласына толық қосылуды қамтамасыз ету қажет. Әкімдіктерден 1 қыркүйекке дейін ескертуперді жоюды сұраймын. Келесі бағыт – объектілерді күзету. 700-ден аса оқушылар бар ұйымдар лицензияланған күзет ұйымдарын тарту қажет. Оларда радиобайланыс құралдары, қызметтік қару, жедел мобильді топтары болуы керек. Қазір олар мемлекеттік мекемелердің 98%-ын күзетеді. Алайда, бірқатар өңірлерде бұл көрсеткіштер төмен. Атап айтқанда, Алматы облысы, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарында. Ал жекеменшік ұйымдардың 84%-ы қамтылған. Келесі облыстарда жұмыс нашар ұйымдастырылған. Алматы облысында – 54%, Жамбыл облысында – 70%, Жетісу

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан МӘДИЕВ:

– Министрлік пен «Қазақтелеком» арасындағы Инвестициялар туралы келісім аясында, 2025–2026 жылдары серіктес есебінен 2 010 мектепке талшықты-оптикалық байланыс жеткізіледі. Жобаны іске асырудың қорытындысында барлық мектептерде жоғары жылдамдықты интернет қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік қолдау шараларының нысаналы әрі ашық болуын қамтамасыз ету үшін пилоттық режимде «Әлеуметтік әмиян» жобасы енгізілді. Аталған жобадағы алғашқы бағыт - оқушыларды тегін және жөнілдетілген тамақпен қамтамасыз ету. 6943 мемлекеттік орта білім беру мектебінің ішінде қазіргі таңда 2 369 мектеп заманауи автоматтандырылған бақылау пункттерімен (АБП) толық жабдықталды. Ал 3 950 мектепте, жобалық қуаттылықты ескере отырып, «Бизнес әмиян» енгізілді – бұл оқушыларға ыстық тамақ жеткізілуін есепке алу және бақылау үшін енгізілген арнайы қосымша. Осылайша eGov Mobile қосымшасындағы «Әлеуметтік әмиян» сервисі арқылы ата-аналар баласының ыстық тамақ алғанын нақты уақыт режимінде тексеріп, мәзірді көре алады және пікір қалдыра алады.

Оқу-ағарту министрі Ғани БЕЙСЕМБАЕВ:

– Мектеп құрылысы жұмыстарына тоқталсақ, қазіргі таңда 267 мың орынға арналған 232 мектеп салынууда. 1 қыркүйекте 115 мың оқушыға арналған 83 жаңа мектеп ашылады. Жыл соңына дейін 140 мың орынға арналған 111 мектептің құрылысы аяқталады. Сондай-ақ, биыл 190 мың оқушы оқитын 245 мектепті жаңарту жұмыстары жүргізілуде, оның 145-і – ауылдық жерлерде, 100-і – қала мектебі. 1 қыркүйекте 99 мың оқушыға арналған 127 мектепте реновация аяқталады.

Бүгінде 853 мектепте пәндік кабинет сатып алынып, жоспардың 77,5%-ы орындалған. Алматы, Жамбыл, Түркістан, Батыс Қазақстан облыстарында сондай-ақ Астана, Алматы қалаларында пәндік кабинеттерді сатып алу жоспарының толық орындалмау қаупі байқалады. Әкімдіктерден тиісті қаражат бөліп, межеленген жоспарларды жыл соңына дейін толық орындауды сұраймыз.

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары А.Т.ЗЕБЕШЕВ:

ГАЗ ТАПШЫ БОЛМАЙДЫ

Қазақстан бойынша сұйытылған мұнай газын тұтыну 2022 жылғы 1,8 млн. тонна болса, 2024 жылы 2,4 млн тоннаға дейін жетті.

Мысалы, аймағымызда 2022 жылы сұйытылған мұнай газын тұтынатын 7 290 автокөлік тіркелсе, 2025 жылы 35 690 автокөлік тіркелген, яғни 5 есеге артты. Одан бөлек сұйытылған газ өндірісінің өзіндік құны тоннасына 70-80 мың теңгені құрайды. Ал өндіруші зауыттар үшін шекті көтерме баға тоннасына 59 722 теңге деңгейінде белгіленген.

Айта кету қажет, Қызылорда облысы басқа өңірлермен салыстырғанда сұйытылған мұнай газының ең төменгі бағасы бойынша бірінші бестіктің қатарында орналасқан. Еліміздің 12 облысында газ бағасы 117 теңгеге дейін көтерілген.

Әкімдік тарапынан шілде айында бірнеше рет операторлармен мәжіліс өткізіп, нәтижесінде қолайлы келісімге қол жеткізілді.

Біріншіден, шілде айында алған газ қалдығы ескі бағамен, яғни 85-90 теңгеден сатылды. Бүгінгі күнге газ құю бекеттерінде ескі бағамен алынған 586 тонна газ қоры бар. Одан басқа Атырау зауытынан 648 тонна жолда келе жатыр.

Айта кету қажет еліміздің бірқатар өңірлерінде тамыздың бірінші күндерінен бастап газ көтерілген бағамен сатылуда.

Екіншіден, шекті бағадан 5 теңгеге төмендетіп, облыс орталығында газды 1 литр үшін 97 теңгеден (бекітілген 102 теңге), ал аудандарда 102 теңгеден (бекітілген 102 теңге), сатуға операторлар ұсыныс білдірді.

Жалпы тамыз айына министрлік тарапынан 7562 тоннаға жуық газ бөлінді.

Газ тапшылығының алдын алу үшін әкімдік тарапынан бірнеше шаралар атқарылуда:

- мемлекеттік мекемелерде газды отын ретінде пайдаланатын автокөліктерге бензин жанар-жағармайын пайдалануға ұсыныс жасалды (бүгінгі күнге АИ-92 бензиннің қалдығы – 7 797 т., АИ-95 – 1655);
- полиция департаментімен М-32 автодөлізінде көршілес өңірлермен шекаралық облыстары бағыттарында (Арал, Жаңақорған) және «Қызылорда-Жезқазған» автожолында арнайы бекеттері қойылды;
- және де операторлар газ құю бекеттерінде ауыр жүк көліктерге (Газель, Зил, Автобустар) 3 мың теңгеге дейін сатуға шектеу қоюды ұсынды;
- Энергетика министрлігімен келіссөздер жүргізіліп, нәтижесінде тамыз айына қосымша 1044 тонна газ көлемі бөлінді («ПКОП» зауыттың ресурсынан). Бұл бағытта әрі қарай жұмыс жүргізілетін болады.

Одан басқа өңірде газдың ресурстық базасын ұлғайту мақсатында, Энергетика министрлігімен және «Қазгермұнай» компаниясымен үш жақты меморандум жасалды.

Меморандум аясында «Қазгермұнай» сұйытылған мұнай газдың көлемін 60 мың тоннадан 120 мың тоннаға дейін ұлғайту қарастырылған.

«Казпетрол групп», «Галаз и Компания» және «Тузколь мұнай газ оперейтинг» компаниялары ағымдағы жылдың қыркүйек айында өз кен орындарынан «Қазгермұнай» зауытына газды жібере бастайды.

Нәтижесінде сұйытылған мұнай газдың көлемі айына 200 тоннаға ұлғаяды. Яғни, айына 5200 тонна газ шығарып жатса 5400 тоннаға жеткізіледі. Сонымен қатар 2025-2026 жылдары «Эко энерджи плюс» (Арал, Шиеп) және «Алаш метан» (Арал, Қызылорда қаласы, Жаңақорған, Қармақшы) серіктестіктері облыс аумағында жалпы 6 автомобильді газ толтыру метандық станциясын салу көздепуде.

Оның 2-і жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.

Алдағы уақытта қалалық және аудандық коммуналдық және жеке мекемелердің техникаларын (қоқыс таситын көліктер, суару машиналары, т.б.) метан газына ауыстыру жұмыстары жүргізіледі.

Қазіргі таңда аймақ сұйытылған мұнай газбен толығымен қамтылған. Әкімдік тарапынан күнделікті мониторинг жүргізілуде.

(Өңірлік Коммуникациялар қызмет алаңындағы брифингтен)

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІҢ ЗАЛАЛЫ ӨТЕЛДІ

Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Аслан Кенес өңірлік коммуникациялар қызметінде брифинг өткізіп, жыл басынан бергі атқарылған жұмыстарды таныстырды.

Оның айтуынша 7 айдың қорытындысы бойынша департаменттің өндірісінде 37 қылмыстық іс тіркеліп, оның 32-сі ауыр санаттағы істер ретінде қаралды. Осы кезеңде 29 қылмыстық іс аяқталып, бұл 79% көрсеткішті құрады.

Қылмыстық істер аясында мемлекетке келтірілген жалпы залал сомасы 784 132 520 теңгені құрады. Оның ішінде: 248,6 млн. теңге тікелей өндірілді, 549,7 млн. теңге мүлікке тыйым салу шараларын қолсалаңда өтелді.

Департамент қылмыстық кірістерді заңдастыру (обнал, криптовалюта платформалары, дропперлер) деректерін анықтау, салық саласындағы қылмыстық схемаларды әшкерелеу, жосықсыз микроаржылық ұйымдарды анықтап, қызметін тоқтату, әлеуметтік осал топтарға (мұғалімдер, дәрігерлер) арналған қаржылық сауаттылықты арттыру лекцияларын өткізу бағыттары бойынша жұмыс атқаруда. Нәтижесінде 5 қаржы пирамидасының («Warner Bros», «HRT», «Fashion Star», «Rain BNB», «Асар баспан») қызметі тоқтатылды. «Qnet» пирамидасы бойынша 2025 жылғы 6 наурызда апелляциялық сот шешімімен 301,8 млн. теңгенің мүлкі тәркіленіп, жәбірленушілерге шығынды өтеу тапсырылды.

Сондай-ақ, департамент пен агенттік қызметкерлері кәсіпкерлік, мемлекеттік сатып алу, салық саласы бойынша профилактикалық түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізіп келеді.

Брифинг соңында Аслан Кенес қоғамның құқықтық санасын арттыру жолында журналистердің белсенділігі маңызды екенін атап өтті.

- Жалған кәсіпкерлік, заңсыз айналым, контрабанда және алаяқтық схемалары бойынша ақпарат алмасып, бірлесіп жұмыс істеуге шақырамыз,– делі.

Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша департамент басшысының орынбасары А.ЖАНТӨРЕҰЛЫ:

САНАҚҚА ҚАТЫС, ҮЛЕС ҚОС!

Ұлттық ауыл шаруашылығы санағының негізгі кезеңі **1 тамыз бен 20 қазан** аралығында өтеді. Санақ **онлайн** және **офлайн** кезеңдерге бөлінеді.

Санақтың онлайн кезеңі – ағымдағы жылдың **1-31 тамыз** аралығында **sanaq.gov.kz** сайтында онлайн-сауалнама жүргізілуде. Бүгінде аймағымыздағы ауыл шаруашылығы саласымен айналысатын шаруашылық құрылымдары, фермерлік, шаруа қожалықтары аталған сайт сауалнамасынан өтуде.

Бұл санақ Еліміздің ауыл шаруашылығы саласы бойынша мәліметтерді жинап, талдап, аграрлық саясатты тиімді жүргізуге негіз болатын маңызды статистикалық зерттеу болып табылады.

Ұлттық санақтан өтуге барынша қолайлы жағдайлар жасалған. Ауыл шаруашылығы саласымен айналысатын барлық заңды тұлғалар, шаруа-фермер қожалықтары мен үй шаруашылықтары **sanaq.gov.kz** сайтына электронды цифрлық қолтаңба арқылы кіріп (ЭЦҚ), санақ парақтарында көрсетілген сауалдарға шынайы жауап беруі тиіс. Бұл әдіс өте ыңғайлы, сонымен қатар деректерді жинаудың тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сайтқа кірген сәтте респонденттер жүйеге тіркеліп, Электрондық цифрлық қолтаңба, QR-код немесе СМС хабарлама арқылы авторизациядан өтеді. Сауалнама парағына кірген кезде кейбір жолдарда мемлекеттік органдардың деректер базасында бар көрсеткіштер көрсетіледі. Осы жерде әрбір респондент көрсетілген көрсеткіштерді сол күйі қалдыра алады немесе оларды өзгерте алады. Респондент толтырылған деректерін сақтап қойып, үзілістен кейін сол сауалнаманы толтыруын жалғастыруына болады. Сауалнамадан өтіп болғаннан кейін респонденттің электрондық поштасына санақтан өткені туралы хабарлама түседі.

Респонденттер үшін санақтан **онлайн түрде** өтуі үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында жергілікті әкім аппараттары мен аудандық статистика бөлімшелерінің ғимараттарында интернет байланысымен қамтамасыз етілген **«Өзіне-өзі қызмет көрсету» аймақтары** ұйымдастырылғанын атап өткен жөн.

Заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлермен шаруа-фермер қожалықтарының **экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші** (ОКЭД) бойынша қызметі **мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы** немесе **балық шаруашылығымен** байланысты болса, санаққа қатысуға міндетті болып табылады.

Егер респондент сауалнама парағын толтыру кезінде қандай да сұрақтар туындаса, аталған сайтта арнайы әзірленген жасанды интеллект арқылы жауап беретін **sanaq-Murza** виртуалды көмекшісі көмек бере алады.

Сондай-ақ **1446 нөмірі** бойынша бюроның байланыс орталығына хабарласуға болады. Байланыс орталығы онлайн-сауалнама басталған кезеңнен бастап тәулік бойы, аптасына жеті күн қабылданады.

Екінші кезең – интервьюерлердің үй шаруашылықтарын жеке - жеке аралауы, ол **2025 жылдың 20 қыркүйегі мен 20 қазаны** аралығында өтеді.

Санақ жүргізу үшін біз облыс бойынша жұмыссыз азаматтар мен студенттер қатарынан, сондай-ақ барлық ниет білдірген азамат санатынан **192-ден** астам азаматты интервьюер ретінде жұмысқа тартуды жоспарлап отырмыз.

Интервьюер ретінде санаққа қатысқысы келетін азаматтар біздің 1446 байланыс орталығына немесе @statgovkz\_bot Telegram-ботына өтініш қалдыра алады.

Санақ барысында жинақталған мәліметтер Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік статистика туралы» Заңының 21-бабына сәйкес, Ұлттық санақтар барысында алынған мәліметтер бастапқы статистикалық деректерге жатады және міндетті түрде өтеусіз негізде ұсынылады делінген.

Сонымен бірге аталған заңның 8 бабы 1 тармағында *«Алғашқы статистикалық деректер құпия болып табылады және осы баптың 4-тармағында көрсетілген мәліметтерді қоспағанда, оны мемлекеттік статистика органдары тек қана статистикалық ақпаратты тузу мақсатында пайдаланады. Мемлекеттік статистика органдары алғашқы статистикалық деректерді жинау, өңдеу және сақтау кезінде осы деректердің құпиялылығын қамтамасыз етеді»* делінген.

Осыған орай респонденттер тарапынан берілген ақпараттар Заңмен қорғалады және мемлекеттік кіріс органдарына және т.б органдарға берілмейтін ақпарат өткім келеді.

Біз азаматтарды санаққа саналы түрде қатысуға шақырамыз, өйткені бұл жай статистикалық шара емес, барлық азаматтарды қамтитын мемлекеттік маңызы бар ауқымды шара. Осы сәтті пайдалана отырып, барлық ауыл шаруашылығы саласымен айналысатын құрылымдарды, шаруа-фермер қожалықтары мен дара кәсіпкерлерді ауыл шаруашылығы санағына белсенді қатысуға шақырамын.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ 2025

QAZSTAT

СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННАЯ ПЕРЕПИСЬ 2025



# АУЫЛҒА ӘКІМ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Қызылорда қаласы  
Қарауылтөбе ауылдық округі әкімін  
САЙЛАУ

Қызылорда қаласы  
Қарауылтөбе ауылдық округі  
әкімі лауазымына кандидат



Өркен  
ШАЛБОЛ

Президентіміздің бұл сөзі – менің өмірлік ұстанымыммен үндес. Қарауылтөбе ауылдық округінің әр тұрғыны жайлы өмір сүріп, болашағына сенімді қарауы үшін бар күшімді салуға дайынмын. Мемлекет басшысы мен Үкіметтің ауылды дамытуға бағытталған «Ауыл – ел бесігі», «Өңірлерді дамыту» секілді стратегиялық бағдарламаларын басшылыққа ала отырып, ауылдың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруды басты мақсат етемін.

- Инфрақұрылымды жаңғырту – жайлы өмір көпірі**  
Ауыл өмірінің сапасы ең алдымен инфрақұрылым жағдайына байланысты. Осы бағытта келесі жұмыстарды жүзеге асыруды көздеймін:
  - Ауылшілік жолдарды жөндеу** – тұрғындардың күнделікті жүріп-тұруын жеңілдетіп, қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Әсіресе мектепке, балабақшаға, дәрігерлік мекемелерге апаратын негізгі көшелерге басымдық беріледі.
  - Жау жүргіншілер жолын салу** – балалар мен қарттардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін ауыл ішіндегі тротуарлар салынады немесе қалпына келтіріледі.
  - Электр желілерін жаңғырту және жарық бағаналарын орнату** – ауылдың жарықпен үздіксіз қамтамасыз етілуін көздеймін. Жаңадан қоныстанушылар орналасқан көшелерге жарық бағаналарын орнату жұмыстары жүйелі түрде атқарылады.
  - Ауызсу қысымын арттыру** – жаз мезгілінде туындайтын су тапшылығын шешу үшін қосымша құбыр тарту және су жүйесін ретке келтіру жұмыстарына бастамашы боламын.
  - Балалар ойын алаңдарын салу** – балалардың бос уақытын тиімді, қауіпсіз және қызықты өткізуіне жағдай жасау – әр ата-ананың арманы. Осы мақсатта ауыл орталығына және жаңа қонысқа балалар алаңдарын салуды қолға аламын.
  - Әлеуметтік сала – халықтың игілігі үшін**  
Әлеуметтік жағдайды жақсартпай, ауыл дамымайды. Осы орайда:
    - Дәрігерлік амбулатория салу** – ауыл тұрғындары сапалы, уақытылы медициналық қызмет алуы үшін жаңа медициналық нысан қажеттілігі өзекті. Бұл мәселені шешу үшін барлық құзырлы органдармен бірлесе жұмыс жүргіземін.
    - Мектептің материалдық-техникалық базасын жақсарту** – ауыл мектебінің ғимаратын жөндеу, заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету, жылыту жүйесін газға көшіру басты назарда болады. Бұл оқушылардың сапалы білім алуына және мұғалімдердің жақсы жағдайда жұмыс істеуіне

Қарауылтөбе ауылдық округі әкімі лауазымына кандидат  
Шалбол Өркен Санатұлының  
ӨМІРБАЯНЫ

Шалбол Өркен Санатұлы 1991 жылдың 22 шілдесінде Қызылорда қаласында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Білімі жоғары.

2013 жылы Алматыдағы Өл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетін бітірген.

Еңбек жолын 2014-2015 жылдар аралығында «РЦКУ-Қызылорда» ЖШС операторы болып бастаған. 2018-2022 жылдар аралығында «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» ММ әдіскері, 2022 жылы «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік-құқықтық жұмыстары бөлімі бас инспекторының міндетін атқарушы, 2022-2024 жылдар аралығында «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік-құқықтық жұмыстары бөлімінің бас инспекторы, 2024 жылдан бастап «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы қызметін атқарып келеді.

## САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Ауыл – халқымыздың түп тамыры,  
берекесі мен бірлігінің бастауы.  
Ауылдың өркендеуі – еліміздің өркендеуі».

Қасым-Жомарт Тоқаев,  
Қазақстан Республикасының Президенті

- мүмкіндік береді.
- Жастардың білім алуына жағдай жасау** – қосымша үйірмелер, олимпиадаларға дайындық, онлайн оқыту мүмкіндіктерін енгізу арқылы ауыл жастарының әлеуетін арттыру бағытында жұмыс жүргіземін.
  - 3. Экономика және кәсіпкерлік – табысты ауылдың негізі**  
Ауыл экономикасының дамуы – тұрғындардың тұрмыс деңгейінің көтерілуіне тікелей әсер етеді. Осыған байланысты:
    - Жаңа жұмыс орындарын ашу** – қоғамдық жұмыс орындарын кеңейту, кәсіпкерлік нысандар ашуға жағдай жасау арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендету көзделеді.
    - Шағын және орта бизнесті қолдау** – ауыл тұрғындарының кәсіпкерлікпен айналысуына кеңес беру, мемлекеттік бағдарламаларға қатысуына қолдау көрсету, гранттар мен жеңілдетілген несиелерге қол жеткізуіне көмектесу – басты міндетім.
    - Өнім өңдеу өндірісін дамыту** – ауылда өндірілген өнімдерді өзімізде өңдеу арқылы қосымша құн жасап, жаңа табыс көзі мен жұмыс орындарын қалыптастыруға күш саламын. Бұл бағытта инвесторлар тарту және мемлекет тарапынан қолдау тетіктерін пайдалану жоспарлануда.
    - Салық базасын кеңейту** – тіркелмеген кәсіпкерлерді заңдастыру, жаңадан ашылған нысандар арқылы ауыл бюджетінің кірісін арттыру арқылы әлеуметтік жобаларға қаражат тарту көзделеді.
    - 4. Мәдениет, экология және қоғамдық бірлік – ауыл рухының тірегі**  
Ауылдың рухани және табиғи келбетін сақтау – біздің ортақ міндетіміз. Осы бағытта:
      - Мәдени іс-шараларды жандандыру** – ауыл тұрғындарының бірлігін нығайту, жастарды мәдениетке баулу үшін ұлттық мерекелер, спорттық жарыстар, өнер көштері жүйелі түрде ұйымдастырылады.
      - Патриоттық тәрбие** – жастарды әскери борышын өтеуге ынталандыру, әскери-патриоттық клубтар мен кездесулер ұйымдастыру арқылы олардың бойында елге, жерге деген сүйіспеншілік қалыптастыру көзделеді.
      - «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы экологиялық жұмыс** – көше тазалығы, ағаш отырғызу, саябақтар мен демалыс орындарын қалыптастыру, ауыл тұрғындарын экологиялық мәдениетке баулу жұмыстары іске асырылады.
  - ҚОРЫТЫНДЫ**  
Менің сайлауалды бағдарламам – жай уәде емес, **жүйелі, нақты және іске асыруға болатын жоспарлар жиынтығы**.  
Менің басты мақсатым – Қарауылтөбе ауылдық округінің әрбір тұрғыны өз ауылында жайлы өмір сүріп, болашағына сеніммен қарауы үшін жұмыс істеу.  
**Халықпен бірге – халық үшін!**  
**Берекелі ауыл – бақытты тұрғын!**  
Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

# ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛУДА

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қызылорда облысы бойынша Департаментінің негізгі бағыттарының бірі – мемлекеттік қызмет саласындағы бақылауды жүзеге асыру.

Бұл ретте азаматтармен бірге мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарын қорғау, ал бұзылған жағдайда қалпына келтіру жұмыстары Департаментпен жүзеге асырылып келеді.

Әрине, кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыруда мемлекеттік қызметшілердің меритократия қағидаттары негізінде өз еңбегіне сай мансаптық өсу мүмкіндігімен қатар олардың моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады.

Дегенмен мемлекеттік қызметшілердің қызметі Әдеп кодексінде белгіленген талаптар аясында жүзеге асыру қажеттілігіне қарамастан, соңғы кезде мемлекеттік қызметшілер тарапынан әдеп нормаларын бұзу деректері әлі де орын алуда.

Мысалы, мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссиялардың жұмысына жүргізілген талдау нәтижесімен 2025 жылдың 1 жартыжылдығында 307 мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жаза қолданылған. Оның ішінде, жергілікті атқарушы органдарда 239, орталық органдардың аумақтық бөлімшелерінде 68 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Тәртіптік жауапкершілікке тартылғандардың қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны үшін 8, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін 6 мемлекеттік қызметші.

Оның ішінде Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің шешімдері негізінде Кодекс талаптарын бұзғаны үшін 3 мемлекеттік қызметші, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол бергені үшін 3 мемлекеттік қызметші әр түрлі тәртіптік жазаларға тартылса, 1 тәртіптік істің қаралуы тоқтатылды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен 2025 жылдың 1 жартыжылдығында 15 тексеру жүргізілді, оның ішінде 5 жоспарлы және 10 жоспардан тыс тексеру жұмыстары жүргізіліп, 419 заң бұзушылықтар анықталды.

Тексерулер нәтижесімен Департаментпен 7 тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынулар енгізіліп, 18 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Мысалы, Қ-ның жолданымы негізінде Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Тексеру нәтижесімен қалалық бөлімнің басшысы тарапынан Әдеп кодексі талаптары сақталмағандығы анықталды.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің» (бұдан әрі – Кодекс) 8-тармағының 7) тармақшасына сәйкес «Мемлекеттік қызметшілер әріптестерімен қызметтік қарым-қатынаста әріптестеріне қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге тиіс».

Сонымен қатар Кодекстің 6-тармағының 4) тармақшасында мемлекеттік қызметшілерге азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік таныту, дөрекілік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеу, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сыңға себепкер болмау талаптары қойылған.

Дегенмен, қалалық мемлекеттік өзінің іс-әрекеттерімен Кодексте көзделген талаптарды сақтамаған.

Тәртіптік іс Әдеп жөніндегі кеңестің отырысында қаралып, қабылданған шешім негізінде бөлім басшысына «ескерту» түріндегі тәртіптік жазаны қолдану ұсынылды.

Шешімді қарау нәтижесімен Қызылорда қаласы әкімінің 2025 жылғы 18 маусымдағы №144 өкімімен қалалық бөлім басшысына «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

Сөйтіп Әдеп жөніндегі кеңес шешімімен аз-ша Қ-ның бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Сонымен қатар Департаментпен мемлекеттік органдардың тәртіптік тәжірибесіне тоқсан сайын талдау жұмыстары жүргізіліп келеді. 2025 жылдың 1 жартыжылдығында талдаудың нәтижесімен 7 мемлекеттік қызметшіге қатысты заңсыз қабылданған тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтардың күші жойылып, олардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Бұдан бөлек жұмыс уақыты режимінің бұзылуының алдын алуға және оған жол бермеу мақсатында 37 мониторинг жүргізіліп, 114 үстеме жұмыс жасау дерегі анықталды. Департаменттің хаты негізінде 114 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, оларға 238 сағат демалыс сағаттары берілді.

Сондай-ақ Департаментпен 2025 жылдың сәуір-мамыр айларында 2024 жылдың қорытындысымен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне сыйақы беруле заңдылықтардың сақталуына талдау жүргізілді.

Талдау нәтижесімен 6 мемлекеттік қызметшіге негізсіз сыйақы берілмегендігі анықталып, олардың құқықтарының бұзылуына жол берілгендігі анықталды.

Аталған мәселе, Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесте қаралып, қабылданған шешім негізінде 6 мемлекеттік қызметшіге сыйақы төленді.

Департамент алдағы уақытта да өз міндеттеріне сәйкес мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалардың сақталуын бақылаумен қатар азаматтар мен мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарының бұзылуымен қадағалайтын болады.

Е.Ж.МЕНДАЛПЕВ  
Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік қызмет істері  
агенттігінің Қызылорда облысы  
бойынша департаментінің басшысы,  
Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы

## ҚҰТЫРУ АУРУЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?

Құтыру ауруының негізгі көздері жабайы жануарлар — қасқырлар, түлкілер, жарқанаттар мен кеміргіштер, үй жануарларынан — иттер мен мысықтар. Үй жануарлары ауру жабайы жануарлармен байланыста болғаннан кейін құтыруды жұқтырады.

Адамдардың ауру жұқтыруы, әдетте, 99% жағдайда ит болып табылатын құтырған жануардың қатты тістеуі немесе тырнауы нәтижесінде пайда болады. Инфекция жұқтырған жануардың сілекейінің шырышты қабығымен (мысалы, көз немесе ауыз қуысы) немесе адамның терісіндегі жаңа жаралармен тікелей байланыста болуы мүмкін және орталық жүйке жүйесіне әсер етеді. Инфекция уақытынан бастап аурудың белгілері пайда болғанға дейін бірнеше күннен бір жылға дейін созылуы мүмкін.

Құтыруға қарсы иммунитет тегін жүргізілетін медициналық мекемеге мүмкіндігінше ертерек жүгіну керек. Құтыруға қарсы ем жоқ. Ауруды тек вакциналау арқылы алдын алуға болады.

Жабайы жануарлармен жақын байланыста болудан, әсіресе олардың әрекеті өзгеше немесе агрессивті болса аулақ болыңыз. Жабайы табиғаттың күдікті әрекеті туралы жергілікті қызметтерге хабарлаңыз.

Жабайы жануар тістегеннен немесе тырнағаннан кейін, алдын алу шаралары үшін дәрігерге қаралыңыз. Үй жануарларына құтыруға қарсы міндетті түрде екпе салдырыңыз, сонымен қатар ветеринарға үнемі көрсетіп, тексеріп тұрыңыз.

Қолданыстағы ережелерге сәйкес иттерді байлап, итқүркеде немесе қоршауда ұстау керек, серуендеуге қарғыбаумен және тұмалдылықпен шығару керек. Үй жануарларының қаңғыбас иттермен және инфекция көзі болуы мүмкін жабайы жануарлармен байланысына жол бермеу керек. Иеліктеріңіздегі иттерді тиісті әкімшілік аумақтағы ветеринар маманға өтініш бере отырып тіркеуге қойып, иттерге құтыруға қарсы екпе егу керек.

Қазақстан Республикасының 10.07.2002 жылғы №339 «Ветеринария туралы» Заңының 25-бап «Жеке және заңды тұлғалардың жануарлар ауруларының, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардың алдын алу» жөніндегі міндеттерін сақтауға және оның ішінде ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жануарларға уақтылы вакцина егуге және олардың диагностикасын қамтамасыз етуге шақырамын.

Жанақорған аудандық ветеринариялық станциясы

## 5 млн. ТЕҢГЕ ӨТЕМАҚЫ ӨНДІРДІ

Қызылорда облысы Жақсықылыш ауылының тұрғыны 2013 жылдан бері «Аралтұз» АҚ-ның тұз өңдеу цехында ораушы болып жұмыс істеп келген. 2021 жылы цех операторы қызметіне ауыстырылған. 2025 жылдың қаңтарында дүкен қоймасында түнгі ауысым кезінде операторды тұз тасымалдайтын жүк көтергіш қағып кеткен.

Ауыр жаракаттардың салдарынан оған бірнеше ота жасалып, көру және қозғалу мүмкіндігін жоғалтуға әкелген. Қазір оған үнемі сырттан көмек пен ем, оның ішінде беті мен көзіне шұғыл ота қажет. Еңбекке қабілетсіз болғанын, физикалық және психикалық қиындыққа тап болғанын, екі кішкентай қызы бар екенін көрсете отырып, әйел талап қоюында моральдық шығынды өндіруді сұраған. Өндірістік қызметпен байланысты жазатайым оқиға бойынша арнайы тергеу актісіне сәйкес жұмыс беруші 100% кінәлі

екені анықталған.

Аталған факті бойынша Қылмыстық кодекстің 156-бабының 2-бөлігі бойынша қылмыстық іс қозғалып, қазіргі уақытта сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. АҚ өкілінің айтуынша, жайсыз оқиға абайсыздықтан орын алған. «Аралтұз» жәбірленушіге 850 мың теңге көлемінде материалдық көмек көрсетіп, алдағы оталарға жұмсалатын барлық шығынды өз мойнына алған.

Сотта талап қоюшының психикалық және физикалық азап шеккені, денсаулығына ауыр зиян келтірілгені, қайталап ота жасауды қажет ететіні дәлелденді.

Арал аудандық соты жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, «Аралтұздан» зардап шеккен әйелге моральдық шығын үшін 5 миллион теңге өтемақы төлеуге міндеттеді. Шешім заңды күшіне енді.

## 2025 жылғы 3-тоқсанында Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі

| № | Елді мекен атауы | Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның Т.А.Ж | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері            | Байланыс телефоны |
|---|------------------|----------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------|--------------------------------------|--------------------------------------------------|-------------------|
| 1 | 2                | 3                                                              | 4                                                  | 5                                    | 6                                                | 7                 |
| 1 | Жалағаш кенті    | Садықов Талғат Қурақбаевич                                     | Бөлім басшысы                                      | Сәрсенбі 16.00 ден 18.00-ге дейін    | Жалағаш кенті, Ұлы Жөністің 50 жылдығы к-сі, №20 | 8(724-31) 21-3-91 |

|                                                       |                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|-------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>МЕНШІК ИЕСІ:</b><br><br><b>«Желтоқсан и К» ЖШС</b> | <b>Редакцияның мекен-жайы:</b><br><br>Қызылорда қаласы<br>Абай даңғылы, 59/1<br><br><b>Телефон:</b> 23-16-08<br>23-16-11 | (E-mail: a_akshamy@mail.ru)<br>Газет Қазақстан Республикасы<br>Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп<br>№14611-Г «7» қараша<br>2014 жылы куәлігі берілген.<br>Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі<br>№1026-Г - 11.01.2000 ж<br>Газет аптасына бір рет жарық көреді | <b>ТАРАЛЫМЫ:</b> 4000<br>Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINТ» баспаханасында басылды.<br><b>Мекен-жайы:</b> Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49<br><b>Таралу аумағы:</b> Қазақстан Республикасы<br><b>Тапсырыс</b> | Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.<br>Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.<br>Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.<br>Сурет сапасына редакция жауап бермейді |
|-------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|



## ҰЛЫ АҚЫНДЫ ҰЛЫҚТАУ – БҮГІНГІ ҰРПАҚ ПАРЫЗЫ



Қызылордада ұлы ақын, философ, ағартушы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай қаладағы №2 Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп алдында орналасқан Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті.

Шараға аймақ басшылығы, зиялы қауым өкілдері, қала тұрғындары және жастар қатысты.

Абай – қазақ халқының рухани көшбасшысы, ұлттық сананы қалыптастырған ұлы тұлға. Оның мол мұрасы – адамзатқа ортақ қазына, ұлт мәдениеті мен әдебиетінің алтын арқауы. Абай шығармалары - ел бірлігі мен руханиятының берік тірегі.

«Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», – деп Ахмет Байтұрсынұлы атап өткендей, ұлы ақын есімін ұлықтау - бүгінгі ұрпақтың парызы.

Рәсімде Абайдың «Нұрлы аспанға тырысып ескенсің сен» өлеңі оқылып, «Көзімнің қарасы» әні орындалды.

Жалпы Абай атамыздың 180 жылдығына орай облыс көлемінде, қала, аудан, ауылдық елді мекендерде байқаулар, интеллектуалды сайыстар мен түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

## 10 МЛРД-қа КӨМЕК БЕРГЕН ҚОР

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев «Қазақстан халқына» қорының Басқарма төрайымы Ләззат Шыңғысбаевамен кездесті. Кездесуде қор демалушылігімен жүзеге асқан қайырымдылық бағдарламалары мен жобалардың нәтижелері туралы айтылды. Ұсыныстар мен алдағы жоспарлар талқыланды.

«Қазақстан халқына» қоры аймақта 10,1 млрд. теңгенің әлеуметтік жобаларын жүзеге асыруда. Оның 4,8 млрд. теңгесі денсаулық сақтау, 2,7 млрд. теңгесі білім беру және 2,6 млрд. теңгесі спорт саласына бағытталған.

2022 жылы облыстық көпбейінді балалар ауруханасы базасында, былтыр Жаңақорған ауданында «Қамқорлық» балаларды оңалту орталықтары ашылып, 3500-ден астам бала оңалтудан өтті. Орфандық дертке шалдыққан 20 науқас 2,4 млрд. теңгеге, онкологиялық және онко-гематологиялық аурулармен ауыратын 26 науқас 466,2 млн. теңгеге дәрі-дәрмекпен қамтылды. Қан тамыры патологиясы бар 4 бала 640 мың теңгеге ем алды. Онкологиялық скрининг жүргізуге арналған екі жылжымалы медициналық кешен 1,1 млрд теңгеге сатып алынып, 6 мыңнан астам тұрғын тексеруден өтті. Балалар нейрохирургиясын дамыту үшін 92,2 млн. теңгеге құрал-жабдықтар әкелінді. Сонымен қатар генетик пен УДЗ маманы шетелде оқытылып, 4,19 млн. теңгеге трансплант-үйлестіруші даярланды. Көз қабығын трансплантациялаудың 171 отасы жасалып, облыс бойынша 5 науқасқа 6 млн. теңгеден көмек көрсетілді. Жаңақорғандағы оңалту орталығы 562 млн. теңгеге медициналық жабдықтармен жарақталды. Биыл облыстық балалар ауруханасы жанынан Ерте араласу орталығы ашылып, оны жабдықтауға 69,7 млн. теңге бөлінді. Байқоңыр қаласында да балаларға арналған оңалту орталығын іске қосу көзделуде.

2022–2024 жылдары аудан орталықтарындағы 6 тірек мектептің әрқайсысына 250 млн теңгеден, жалпы 1,5 млрд теңге бөлініп, пән кабинеттері, спорт зал, асхана, акт залы жаңғыртылды. Биыл Сырдария ауданындағы №36 және Байқоңыр қаласындағы №277 мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға 500 млн теңге бөлінді. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған №5, 6, 7 интернаттардың инфрақұрылымын жақсартуға 99,5 млн теңге жұмсалды. 2023 жылы «Болашақ инженерлер» жобасы аясында 9 мектеп робототехника құралдарымен қамтамасыз етіліп, оған 32,4 млн теңге бағытталды. Сонымен қатар 2023–2024 оқу жылында 68 студенттің оқуына 365,2 млн теңге, ал 2030 баланың жазғы лагерьлерде тынығуына 217,1 млн теңге бөлінді.

Қармақшы және Сырдария аудандарындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт залдарына 17,5 млн теңге жабдықтар жеткізілді. Шиелі ауданының Досбол датқа ауылында салынған спорт кешені осы жылдың ақпанында пайдалануға берілді. Кездесуде Ләззат Шыңғысбаева «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры мен Қызылорда облысы арасындағы жолға қойылған тұрақты әріптестік байланыс одан әрі жалғасатынын жеткізді.

## НӘЛІБАЕВТЫҢ ҚАДАҒАЛАУЫ – ЖҰМЫС САПАСЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов пен Руслан Рүстемов пен Бірге Қызылорда қаласындағы жол құрылысы мен жөндеу жұмыстарының барысын көріп шықты.

Алдымен Жанқожа батыр көшесіндегі теміржол өткелінің құрылыс алаңына барды. Өткел қаланың орталық бөлігін Шанхай, Коммунизм, Гагарин шағын аудандарымен қауіпсіз байланыстыруға, көлік қатынасын жақсартуға, қалаішлік жүк және жолаушылар тасымалын арттыруға, азық-түлік айналымын ұлғайту арқылы өңір экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Жалпы құны 4 650,9 млн теңге, бас мердігер «СМК Аманат» , техникалық қадағалаушы «МСК Инжиниринг» , авторлық қадағалаушы «Инженерный Центр Алматы» серіктестіктері.

Қазіргі таңда айналма теміржолдар салынып, инженерлік желілердің орны ауыстырылуда. Сонымен қатар 940 тонна арматура жеткізіліп, свай каркастарын тоқу, тіреу қабырғаларына арматура орнату және бетондау жұмыстары жүргізілуде. Өрі қарай облыс әкімі “Қызылорда-Құмкөл” бағытындағы 9,76 шақырымдық автожолдың орташа жөндеу жұмыстарымен танысты. Жобаның жалпы құны 2 483,9 млн теңге, мердігер «Дорстрой», техникалық қадағалаушы «АрхиДизайнСтройИнжиниринг» серіктестіктері. Өткен жылы 1 желтоқсанда басталған, осы жылғы 30 қыркүйекте аяқталады.

Бүгінде ресайклинг әдісімен 7,4 шақырым, ірі түйіршікті асфальтпен 6,5 шақырым, мастикалық асфальтбетонмен 4 шақырым жол жабындысы төселді.

Келесі нысан “Қызылорда-Құмкөл” автожолының көлік жолайрығы болды. Мұндағы күрделі жөндеу жұмыстары жобасының жалпы құны 1,4 млрд. теңге, мердігер «Қыран» ЖШС. Қазіргі таңда көпірдің 5 кіреберіс қанаты асфальтталды, негізгі үстіңгі бөлігіне қиыршық тас, 800 метріне асфальт төселді.

Мұнан бөлек аймақ басшысы Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылының жалғасы болып табылатын жол құрылысын көрді. Сырдария өзенінің қорғаныс бөгетін нығайту және Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейінгі 2,9 шақырым жол құрылысының барысын тексерді. Жобаның құны 5,3 млрд. теңге. Мұнда 4 жолақты автожолмен қатар, ені 6 метр жаяу жүргіншілер және велосипед жолдары салынады. Құрылыс жұмыстарын «УАД» ЖШС атқаруда.

### ҚЫЗЫЛОРДА – ТАЗА АЙМАҚ...

Еліміздегі 24kz телеарнасының арнайы сюжетінде Сыр өңірі тазалық көрсеткіші бойынша бірінші орында екені айтылды.

Облыстың барлық елді мекендерінде санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейту-көгалдандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Акция басталғалы күні бүгінге дейін тазалық шараларына 190 мыңнан астам еріктілер, қоғам қайраткерлері, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкерлері қатысқан. 8 мың тоннадан астам қоқыс қалдықтары шығарылып, елді мекендердегі 471 сквер мен парк, 221 тарихи-мәдени ескерткіш, 998 әлеуметтік нысан (мектеп, балабақша, спорт, денсаулық сақтау мекемелері және т.б.), 2 820 өнеркәсіп және бизнес нысаны аумағы, 35 су объектісі (өзен, көл, жасанды су айдындары, субұрқақтар, арықтар және т.б), мен 23 124 көше бойы (4 025 көпқабатты, 19 099 жер үй ауласы) тазартылды. Оған 540-тан астам техника жұмылдырылды.

Жыл басынан бері өңірдің климатына сәйкес келетін, жерсінген қарағаш, терек және Сыр талының 240 700 көшеті егілді.

## ОН «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП” ЖАЙЫ...

Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебайдың төрағалығымен мәжіліс өтіп, күн тәртібінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру барысы талқыланды.

Аймақта ұлттық жоба аясында 2023 жылдан бері 6 900 орындық 10 мектеп салынып, пайдалануға берілуде. Облыс әкімдігі жергілікті бюджеттен бөлген 118 млн. 400 мың теңгеге жоба-сметалық құжаттар әзірлеп, 1 млрд. 700 млн. теңгеге 10 мектептің инфрақұрылымы толық жеткізілді. Мектептердің іргелес аумақтарын абаттандыру мен жол салуға жергілікті бюджеттен 2 млрд. 80 млн. теңге бөлініп, жұмыс жүргізілді.

Бүгінде облыста 6 мектеп пайдалануға берілді. Оның 5-і әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтіп, техникалық паспорты мен жер телімінің құжаттары әзірленіп, білім басқармасының теңгеріміне алынды. Тағы 1 мектепті «Самұрық Қазына констракшн» акционерлік қоғамы алдағы күндері әкімдікке тапсырады. Қалған 4 мектептің 3-еуі жаңа оқу жылына дейін, 1 мектеп 2-ші тоқсанға дейін ел игілігіне табысталады.

## НӘЛІБАЕВ ТАЛАБЫ – САПА

Қызылорда қаласында салынып жатқан ауқымды құрылыс жобаларының жай-күйін бақылаған аймақ басшысы өңірдегі электр және жылу энергиясының тапшылығын шешу мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасымен салынған жаңа жылу-электр орталығының құрылыс барысымен танысты. Инвестор «Акса энерджи» түрік компаниясы орталық құрылысына 137 млрд.теңгеден астам инвестиция салды.

Жоба аясында 2 газ турбиналық қондырғы, 95 МВт-тық бу турбинасы, 2 бу, 4 жылу қазандығы салынады. Бүгінде құрылыстың 70 пайызға жуық жұмысы біткен. Бұдан бөлек бюджет есебінен 15 млрд.теңгеге орталыққа дейінгі 45 шақырым газ құбыры, автоматтандырылған газ тарату станциясы салынды.

Құрылыс алаңында 1200-ден астам адам және 130 арнайы техника жұмыс жасауда. Жұмысшылардың негізгі бөлігі - жергілікті тұрғындар. Станцияны осы жылдың 4 тоқсанында іске қосу жоспарланған. Бірінші кезекте 1 газотурбиналық қондырғы мен 2 жылу қазандығы, 2026 жылы қалған қондырғылар қосылады. Жаңа станция облыстық электр энергиясына деген қажеттілігін толығымен қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар өңірдің энергетикалық әлеуетін дауыру күшейтіп, ұзақ мерзімді тұрақты дамуына негіз қалайды. Облыс әкімі бұл жоба аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқаратынын айтып, сапаға баса мән беруді тапсырды.

## ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАРДЫҢ 40%-Ы СПОРТПЕН АЙНАЛЫСАДЫ

Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебайдың төрағалығымен мәжіліс өтті. Күн тәртібінде спорт саласын дамыту мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысып, баяндама жасады.

Аймақта дене шынықтыру және спортты дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп, ауқымды жобалар қолға алынған. Биыл бұл салаға жергілікті бюджеттен 38 млрд. 213 млн. теңге қаржы бөлінді.

Өңірде 340 мыңнан астам тұрғын спортпен жүйелі түрде айналысады. Бұл - облыс халқының 40,4 пайызы. Спорт резервін және спортшыларды даярлайтын 33 спорт мекемесі жұмыс істейді.

Соңғы үш жылда 20 спорт кешені пайдалануға берілді. Алдағы уақытта «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында ауылдарда тағы 6 спорт нысаны ел игілігіне табысталады.

Күні кеше Қызылорда қаласында балалар мен жасөспірімдерге арналған

## КЕРАМИКАЛЫҚ ПЛИТКА ШЫҒАРАМЫЗ...

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өліне жұмыс сапарымен келген «Orient Ceramic» компаниясы директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Азизбек Жилоновпен кездесті.

– «Биыл сәуір айында Ташкент қаласында Қызылорда облысының әкімдігі мен «Orient Ceramic» компаниясы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған болатын.

Бұл компания – Орталық Азиядағы керамикалық плитка өндіретін жетекші кәсіпорындардың бірі. Белгілі болғандай, осыған ұқсас жобаны біздің өңірде іске асыру мүмкіндігін қарастырудасыздар.

Биыл облыс аумағында жалпы құны 1 млрд. АҚШ доллары болатын 14 жобаның құрылысы қолға алынады. Олар - кальцийленген сода өндіретін зауыт, «Шалқия» кен байыту фабрикасы, көкөніс-жеміс сақтау және алма шырынын өндіру кешені, бес жұлдызды «Rixos» қонақ үйі, оңтүстіккореялық «With You» компаниясының қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу зауыты.

Осы жылы түркиялық инвестор «Aksa Energy» компаниясы салған ЖЭО іске қосылады. Қатарлық инвестормен бірлескен қуаттылығы 1100 мегаватт болатын бу-газ қондырғысының құрылысы басталады. Көріп отырғаныңыздай,

*Өңірде шикізат қоры жеткілікті, кварц құмы, әк және саз балшық бар, ал шыны зауытында далалық ипат өңделеді. Қызылорда облысы бүгінде қарқынды құрылыс алаңына айналды. Тек өткен жылы ғана жалпы құны 242 млн АҚШ долларын құрайтын 197 нысанның құрылысы салынды. Олардың қатарында мектептер, медициналық мекемелер, балабақшалар, мәдениет орталықтары және жеке тұрғын үйлер бар. Биыл 870 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Керамикалық бұйымдарға деген сұраныс өте жоғары, өткізу нарығы кең. Облыстың «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі бойында орналасуы дайын өнімді Ресей нарығына экспорттауға зор мүмкіндік береді.*

Қызылорда облысының әкімдігі зауыт құрылысының барлық кезеңінде қолдау көрсетуге дайын.

Кеше Индустриялық аймаққа барып, бірқатар инвестициялық жобаме таныстыңыз, олардың қатарында қытайлық инвесторлармен бірлесіп іске асырылған шыны зауыты және кірпіш өндіретін зауыт бар.

Биыл бұл жерде айна өндіру зауыты іске қосылады, жылына 220 миллион бөтелке шығаратын зауыттың құрылысы басталады. Испаниялық «Rosa Group» компаниясымен бірлесіп санитарлық-техникалық бұйымдар өндіру жобасы жүзеге асады.

өңірде ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға қажетті қуатты энергетикалық база қалыптасуда.

Біз Индустриялық аймақтан жер телімін беру, түрлі жеңілдіктер көзделген инвестициялық келісімшарт жасау, сондай-ақ жобаны іске қосу үшін қаржы институттарымен (ҚР Даму Банкі АҚ) жұмыс істеуге қолдау көрсетуге дайынбыз», - деді Н.Нәлібаев.

Азизбек Жилонов та ауқымды жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға дайын екенін айтып, көрсетілген құрметке алғысын жеткізді.



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов және жауапты сала басшыларымен бірге салынып жатқан стадионның құрылыс алаңына барды.

Жаңа стадион жанында 1000 орындық автотұрақ алаңы, 40 орындық VIP автотұрақ бар. Ғимараттың батыс секторында спортшылардың жаттығу алаңы, жуыну аймағы және киім ауыстыруға, төрешілер мен жаттықтырушыларға арналған, емдік массаж бөлмелері қарастырылған. Медпункт, допингтік бақылау бөлмесі, комментатор кабиналары, конференц зал орналасқан.

Ал шығыс секторында ауыр атлетика, бокс, гимнастика және акробатика, күрес, жаттығу залдары, қыздырыну бөлмесі бар.

Сондай-ақ, жанкүйерлерге арналған санитарлық, тамақтану және демалыс аймақтары, кафетерий, VIP-аймақтармен және VIP-кабинеттермен қамтылған.

4 автобусқа арналған автотұрағы, жылу қазандығы, қоқыс төгетін орын және резервуармен жабдықталған. Газон төселген стандартты өлшемдегі футбол алаңы бар. Сондай-ақ, мұнда балалар мен жастар үшін түрлі спорт секциялары жұмыс істейді. Стадион қыркүйек айында пайдалануға беріледі.

жөндеуден өтіп, қайта пайдалануға берілді. Жуық арада федерацияның көмегімен Жалағаш аудандық орталық стадионы күрделі жөндеуден өтеді. Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 1 млрд. 600 млн. теңгеге 80 спорт-ойын алаңы салынып, халық игілігіне берілді.

Сондай-ақ «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Шиелі ауданында жаңа спорт нысаны бой көтеріп, іске қосылды. Қазіргі таңда Қызылорда қаласында аталған қордың көмегімен 2 млрд. 900 млн. теңгеге мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жүруде.

Жыында Айбек Дәдебай Қызылорда облысындағы спорт саласының оң өзгерістеріне тоқталды. Президент Әкімшілігінің басшысы өңірде жаңа спорт нысандары бой көтергенін және “Қайсар” клубы легионерлерден толық бас тартқан алғашқы команда екенін атап өтті. Аймақтың оң тәжірибесін басқа өңірлерге үлгі етті.



# “ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ҚҰМКӨЛ РЕСОРСИЗ” ӨЗ МАМАНДАРЫН МАҚТАН ЕТЕДІ

*Аймағымызда мұнай өндіріп жатқан компаниялардың бірегейі “ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз” экономика мен әлеуметтік жағдайдың дамуына оң әсер етумен қатар жылдар бойы өндірісті өрлетіп, жұмысшы мамандықтарының да көбеюіне ықпал етіп келеді. Компаниядағы әрбір жұмысшы жаңа технологияларды еркін меңгеріп, өндірістегі экономикалық шығындардың азаюына, еңбек қауіпсіздігінің сақталуына аянбай еңбек етіп келеді. Жұмысшылардың өздері айтақшы компаниядағы еңбек еткен жылдары олардың өздері де кәсіби біліктілігі жағынан өсіп, білімдерін де көтереді. Жұмысшылар компанияны қалай мақтан тұтса, “ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз” басшысы да жұмысшылар еңбегіне риза болып, әрдайым олардың мәртебе биігінен көрінуіне ықпал етіп келеді.*



**Сақтапова Қызылкүл БАТЫРХАНҚЫЗЫ,**  
**Сусыздандыру және тұзсыздандыру**  
**кондырғысының 5-ші разрядты операторы.**  
**Компаниядағы жұмыс өтілі - 33 жыл**  
**Кен орны - Құмкөл**

- Күнделікті қондырғыда қандай заттармен және үдерістермен жұмыс істейсіздер?

- Менің жұмысым әр екі сағат сайын келетін мұнайды, суды және газды есепке алумен байланысты. Мен әртүрлі аппараттардың: тұндырғыштардың, пештердің, резервуарлардың жұмысын қадағалаймын. Қысым өзгерген кезде сигнал келіп түседі, мен олардың қайдан келіп жатқанын анықтаймын, содан кейін сол учаскелерге бекітілген адамдармен байланысқа шығамын. Түнгі ауысымда жиынтық деректерді жазып, жіберемін. Штаттан тыс жағдайларда міндетті түрде шеберге хабарлаймын.

- Разряд жауапкершілік пен атқарылатын жұмыстың қиындығына қаншалықты әсер етеді?

- Бастық пен шеберден кейін жауапкершілік деңгейі бойынша мен тұрмын. Мен жұмыс орнымды жай тастап кете алмаймын - болып жатқан жағдайлардың барлығын бақылауда ұстауым керек. Бесінші разрядты оператор болудың қиындығы мен жауапкершілігі де осында.

- Осы мамандыққа қалай көлгеніңізді айтып беріңізші? Неге дәл осы мамандықты таңдадыңыз?

- Менің осы мамандыққа келер жолым ұзақ болды - мектепті бітірген соң әртүрлі жерлерде жұмыс істедім. Мұнай саласына келер алдындағы соңғы жұмыс орным 1985 жылы орналасқан газ құю бекеті болды. Өлі есімде, мені және менің әріптесімді «Сендер жассындар, оқындар» деп Алматы политехникалық институтына (ҚазПТИ) оқуға жіберген. Бірақ, шынын айтсам, ол кезде біз қандай мамандыққа түсу керектігін білмеппіз де, себебі ол кезде біздің өңірде өлі мұнай өндірілмейтін. Ол жерде кездестірген қыздар құжаттарды «Мұнай және газ кен орындарын игеру және пайдалану» мамандығына тапсыруға кеңес берді. Осылайша мен мұнайшыға айналдым.

- Кен орнындағы алғашқы жұмыс күніңіз есіңізде ме? Қандай сезімдерді бастан көшірдіңіз?

- Мен Құмкөлге тәжірибемен өтуге 1992 жылы келдім және сол күнді тағатсыздана күттім - кен орнын өз көзіммен көргім келді! Ол жерде маған ұңғымалардан күн сайын сынамаларды қалай алатынын, қысымды қалай өлшейтінін және басқа да көптеген жұмыстарды қалай атқаратынын көрсетті. Ұңғымалар бір-бірінен алыс орналасқан және оларды даладағы жолдармен қалай айналып өткеніміз әлі көз алдымда.

- Осы жерде жұмыс істеген жылдардың ішінде салада қандай да бір өзгерістерді байқадыңыз ба?

- Өзгеріс өте көп болды - компьютерлердің болмаған кезінен бастап айтсақ болады, қазір біз оларсыз қалай жұмыс істей алатынымызды елестете де алмаймыз. Құбырлар, пештер, аспаптар - бәрі жаңарды, заманауи жабдықтарға ауыстырылды. Әрине, тұрмыстық жағынан да орасан зор өзгерістер орын алды, біз бастаған кезде асханада қарапайым ыдыстар жетпейтін - түскі ас ішу үшін төрелкелер мен құралдардың босағанын күтетініміз!

- Сіздің мамандығыңызда ең күрделісі және ең қызықтысы не?

- Ең күрделісі - бұл отбасымыздан алыс жерде жүретініміз және осылай бола тұра телефон арқылы үй шаруасындағы мәселелерді шешуге тиіс боламыз. Біз отпен және қауіпті ортада жұмыс істейміз десем қателеспеймін - бұл әсіресе әйелдер үшін оңай емес. Ал қызықты жағы, менің беріле жұмыс істеп, әсіресе есеп жүргізіп жатқанда уақыттың қалай етіп жатқанын сезбейтінімде.

- Өз еңбек жолыңызда ең бірінші нені мақтан тұтасыз?

- Мен осы жұмыстың арқасында басқалардан кем болмайтындай, балаларымды аяқтарына тұрғызып, оқыта алғанымды мақтан етемін. Екі жылдан кейін осы саладағы көпжылдық еңбегімнің жемісін көре аламын деп үміттенемін.

- Кәсіби дәстүрлеріңіз, немесе ырымдарыңыз бар ма?

- Ауысымға шығар алдында әрдайым күнімнің тыныш және қауіпсіз өтуін, сондай-ақ елімізде мұнайдың сарқылып қалмауын және болашақ ұрпақтарымызға қалуын тілеймін.



**Құрманова Гүлнара БҰХАРБЕКҚЫЗЫ,**  
**Мұнай-газ өндіру жөніндегі**  
**4-ші разрядты оператор.**  
**Компаниядағы жұмыс өтілі - 21 жыл**  
**Құмкөл кен орнындағы**  
**жалпы жұмыс өтілі - 33 жыл**  
**Кен орны - Оңтүстік Құмкөл**

- Осы мамандыққа қалай келгеніңізді айтып беріңізші? Неге дәл осы мамандықты таңдадыңыз? Кен орнындағы алғашқы жұмыс күніңіз есіңізде ме? Қандай эмоцияларды бастан көшірдіңіз?

- Менің Құмкөлдегі кәсіби жолым 1992 жылдың тамызында басталды. Ол кезде бұл «Южнефтегаз» бірлестігі деп аталатын. Мен мұнай және газ өндіру цехында қоймашы болып жұмыс істей бастадым.

Сол кездің өзінде кен орны қарқындай бастаған еді, өндіру қоры 75 ұңғыма бола тұра өндіру көлемі тәулігіне 1300 тонна құрайтын. Ол кезде барлық өндіруші ұңғымалар бұрқақтық режимде жұмыс істеген. Алты топтық қондырғы жұмыс істеді, барлық жерде бұрғылау жұмыстары жүріп жатты, өрине, өмір сүру жағдайлары «далалық» болды. «Вахта-40» кентінде жұмысшыларға арналған жаңа корпусстар қойылды.

Менің қабылдауға тиісті материалдардың түр-түрі көп болды, мұнай саласында базалық білімім болмағандықтан, құрал-жабдықтардың, бөлшектерінің атауларын жол-жөнекей үйренуге тура келді. МГӨҚ ұжымының өзі ол кезде шағын,

бірақ ынтымақты болатын. Біздің цехымыз - кәсіпорынның ең маңызды цехы, Құмкөлдің жүрегі болатын, басшыларының тәжірибесі мол еді.

Уақыт өте келе көптеген өзгерістер болды, шетелдік инвесторлар келді. Ол уақытқа дейін Құмкөл кен орнының біздің өңірде маңызды өнеркәсіптік объект екенін түсіне отырып, мұнай саласында жинаған жұмыс тәжірибем мен біліміме сүйене отырып, Қызылорда политехникумының базасында ашылған мұнай факультетінің сырттай бөліміне түсемін деп шештім.

- Осы жерде жұмыс істеген жылдардың ішінде салада қандай да бір өзгерістерді байқадыңыз ба?

- Кен орны кеңейе түсті, топтық қондырғылар саны көбейді, жаңа объектілер ашылды. Жұмысшы қызметкерлер құрамының да саны көбейді, жаңа мамандықтар пайда болды. Еңбек ету, тамақтану жағдайлары жақсарды, өнеркәсіптік аймақтарда жаңа асханалар ашылды, жалақы өсе бастады. Жұмыс орындары және демалыс орындарындағы қауіпсіздік техникасына ерекше көңіл бөлініп жүрді. Инвесторлар келгеннен кейін әрі қарай да өсуін жалғастырған механикаландырылған жолмен өндіру жиі қолданыла бастады және тиімді жұмыс істеу үшін жаңа заманауи жабдықтар орнатылуда.

- Өз мамандығыңызда күрделі және ең қызықты тұсы қайсы? Өз еңбек жолыңызда ең бірінші нені мақтан тұтасыз?

- Мұнай және газ өндіру операторының жұмысы ең күрделі жұмыстардың бірі болып табылады, себебі ұңғымаларға қызмет көрсетудің өзі және олардың жұмыс режимін ұстап тұру бірқатар техникалық және физикалық дағдылардың болуын талап етеді. Кен орнының қатал климаттық жағдайларын: қыстың суықтығын, жаздың аптап ыстықтығы, желдің күші мен ұзақтығын ескерсек, осының барлығы жұмысшы адамға, әсіресе әйел адам үшін көп мәселе тудырады, бірақ осыған қарамастан, мен ер әріптестермен қатар әрдайым вахтадағы қызметімді жауапкершілікпен атқаруға тырыстым.

Бәріне оңай болған жоқ - өз үйінен, отбасынан, балаларынан алыс жерде жүреді, орындалатын жұмыстар күрделі, алға қойған мақсаттар мен жоспарларға жету үшін әрқайсымыз бар күшімізді салып, еңбек етеміз. Осыны әрқайсымыз түсініп, орындап жүрдік! Біз әрдайым бір-бірімізге көмектесіп жүрдік және қиын сәттерде бір-бірімізге қолдау көрсете білдік, қазір де осылай жалғастырудамыз.

Біздің Оңтүстік Құмкөлде бригада өте тату, мен оны мақтан етемін, сондай-ақ қасымдағылардың маған деген мейірімі, адамгершілігі, парасаттылығы үшін өте ризамын. Мен үшін қай жерде жүрсек те, қандай жағдайда жұмыс істеп, өмір сүрсек те - қарапайым, адами қатынастар өте маңызды, және бұл менің өмірімнің басты қағидасы болып табылады.

Ғылыми жазбаларда Құмкөл бірегей кен орны деп бекер жазбайды. Бұған өзім көз жеткіздім. Менің өмірімнің, сондай-ақ әріптестерімнің өмірінің жартысы вахтада өтеді.

Лайықты демалысқа шыққандардың көбі басым бөлігімізге жұмыста тұрақтылық, береке, қаржылық тәуелсіздік, өзін іске асыру мүмкіндігін және өз әлеуетін ашу мүмкіндігін берген Құмкөлімізді жылы сөзбен еске алады. Бірнеше жылдан кейін өзім де зейнетке шыққанменен біздің Құмкөл одан әрі дами береді деп сенемін.



**Жұбанияз Раушан ОРЫНБАСАРҚЫЗЫ,**  
**Химиялық талдау бойынша**  
**4-ші разрядты зертханашы.**  
**Компаниядағы жұмыс өтілі - 29 жыл**  
**Кен орны - Арысқұм (КАМ)**

- Көбінесе қандай талдауларды жүргізесіздер? Зертханалық талдаулардағы қателіктер өнімнің сапасына немесе қауіпсіздікке қалай әсер етуі мүмкін? Қандай талдаулар ең сезімтал және барынша зейін салуды қажет ететін талдаулар болып саналады?

- Химиялық зертханада көбінесе резервуарлардан, ұңғымалар сағаларынан және автоматтандырылған бақылау жүйелерінен сынамаларды іріктеп алумен, сондай-ақ судың мөлшерін және сұйықтықтың тығыздығын, хлорлы тұздардың мөлшерін, механикалық қоспаларды, қаньяққан булардың қысымын, мұнай өнімдері мен күкірттің мөлшерін анықтаумен байланысты талдаулар жүргізіледі.

Ең сезімтал талдауларға газ хроматографтарында жүргізілетін әртүрлі талдаулар жатады. Мен

ұңғымалар мен объектілерге газ шығу қаупі бар және отпен жасалатын жұмыстарды жүргізер алдында газдың ағып кету жағдайларын анықтау үшін барамын. Әр талдау ҚР СТ, МеМСТ-ке және ҚР ТШ-ға сәйкес жасалады, қандай да бір ауытқуларға жол берілмеуі тиіс. Зертханада жұмыстың әр түрін орындау кезінде ұқыптылық пен зейінділік қажет.

- Осы мамандыққа қалай келдіңіз? Неге дәл осы мамандықты таңдадыңыз?

- Менің осы мамандықты таңдауыма техникалық ғылымдарға құмарлығым және нақты деректермен жұмыс істеуге ықыласым себепші болды. Мен әрдайым өзімді дамытуға және кәсіби өсуге ұмтылатынымын. Біздің компаниямызда үйрену үшін керемет мүмкіндіктер бар, бұл жұмыс орнында теориялық білімді

тәжірибелік біліммен нәтижелі үйлестіруге мүмкіндік береді.

- Кен орнындағы алғашқы жұмыс күніңіз есіңізде ме? Қандай эмоцияларды бастан көшірдіңіз?

- Өлі есімде, қандардың бір күні таңертеңгісін мені тікұшақпен Құмкөл кен орнына алып келді. Ол кезде біздің компаниямыз «Южнефтегаз» деп аталатын.

Мені ұжым жақсы қарсы алды, объектілер мен цехтарды таныстыру туры өткізілді. Көргенім маған зор әсерін тигізді: сепараторлар, сақтауға арналған резервуарлар, сорғылар, ұңғымалар, мұнайды көтеруге арналған құрылғылар және құбыржолдар, олардың күші мен шамасы естен шықпас естеліктер қалдырды.

- Өзіңіз жұмыс істеген жылдары осы салада қандай өзгерістерді байқадыңыз?

- Компанияда жұмыс істеген 30 жылдың ішінде мен айтарлықтай өзгерістердің куәсі болдым - объектілер мен цехтардың кеңеюі және көбеюі, жабдықтар мен аспаптардың функционалдылығының кеңеюі, талдау нәтижелерінің анағұрлым анық бола бастауы. Дәлдік пен жылдамдық жағынан жұмыс істеу жеңілдеді, алайда бұл білімнің үздіксіз жаңартып тұруды және ескі және абажадай УГ-2 әмбебап газ талдағыштарынан бастап GazAlertMax заманауи портативтік газ талдағыштарға дейін жаңа аспаптарға бейімделуді талап етеді.

- Сіздің мамандығыңызда ең қиыны және ең қызықтысы не?

- Менің міндетім объектіде газ және от шығу қаупі бар жұмыстарды бастар алдында көмірсутектің ағып кету жағдайларын тексеру және анықтау, сондай-ақ алынатын нәтижелердің дәлдігін қамтамасыз ету болып табылады. Ең күрделісі қауіпсіздік стандарттарын сақтау болып табылады, себебі жұмыс орнындағы немқұрайлылық ауыр салдарға әкеліп соғуы мүмкін. Біздің ұранымыз – “Ең алдымен қауіпсіздік”!

- Өз еңбек жолыңызда ең бірінші нені мақтан тұтасыз?

-Мен күш-жігерім мен еңбегім бағаланып жатқан ірі әрі тұрақты компанияның бір бөлігі болып табылатынымды мақтан етемін. Мен Кәсіподақ пен KAZENERGY қауымдастығының атынан естелік медальдармен және Алғыс хаттармен марапатталдым, сондай-ақ компания кәсіподағының атынан салалық Республикалық техникалық инспекторлар конкурсында II-шы орын алдым. Бұл жауапкершілікті және жұмысымнан қанағат сезімін сыйлайды.

- Кәсіби дәстүрлеріңіз немесе ырымдарыңыз бар ма?

-Біздің мәдениетіміздің ажырамас бөлігі болып табылатын ұлттық салттарды ұстанамын. Мен біздің кәсіби мейрамымыз -Мұнайшы күнінде әріптестерімді құттықтағанды және басқалардан құттықтау алғанды жақсы көремін. Рухы мықты адамның ырымшыл болуы дұрыс емес, бұл жұмысты орындауға және мақсатқа жетуге кедергі жасайды.



# БЕЛКӨЛ: ЖҰМЫС ОРНЫН АШУ МЕЖЕСІ ОРЫНДАЛДЫ

Белкөл кентінің жалпы жер көлемі 5378 гектар. Белкөлден бөлек Бірқазан, Көкжиде елді мекендері орналасқан. Кентте 4781 тұрғын болса, оның 2228-і экономикалық белсенді. 400-ге тарта адам өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр. Кенттегі отбасылар арасында 31 отбасы тұрмысы төмен отбасы саналады.

Жыл басынан бері 32 сәби дүниеге келді. 336 зейнеткер бар. Жұмыссыздар қатары бар болғаны 6 адам ғана.

Кенттегі №189 және №145 орта мектепте 879 оқушы білім алуда. 2024 жылы мектепте 868 оқушы білім алған еді, демек оқушылар саны 2,3% өсті. Бұған дейін өзекті мәселелердің бірі болған №189 орта мектептің шатыры өткен жылы толығымен жабылды.



Кенттегі 1 мемлекеттік балабақшада 160 бүлдіршін тәрбиеленуде. Балабақша 2020 жылы «Жұмыспен қамтудың 2020 бағдарламасы» аясында күрделі жөндеуден өткізілді.

Белкөл кентінде мемлекеттік жеке меншік әріптестігі аясында салынған дәрігерлік амбулатория 2020 жылы пайдалануға берілді. Теміржол ауруханасына қарасты амбулаторияда күндізгі стационарда 8 орын қарастырылған.

Белкөл кентіне қарасты Бірқазан елді мекенінде мемлекеттік жеке меншік әріптестігі аясында 10 млн. теңгеге салынған заманауи, талапқа сай медициналық бекет 2018 жылы пайдалануға берілді.

**Биылғы жылдың І-ші жартыжылдығында атқарылған жұмыстар, іске асқан жобалар және алдағы уақыттағы міндеттер туралы барлық деңгейдегі әкімдер баспасөз конференциясын өткізуде. Қызылорда қаласына қарасты Белкөл кентінің әкімі Жасұлан Сәдуақасов бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне осы баспасөз конференциясында біршама нақты мәліметтер берді. Кенттің кәсіпкерлік саласында, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар бойынша жобаларды қаржыландыру бағытында, тұрғындарға қолайлы инфрақұрылым жасауда былтырғы жылмен салыстырғанда көрсеткіштерінің жақсарғандығы байқалады.**

2025 жылғы салық түсімінің жылдық жоспары 37,9 млн. теңге болып бекітілді. Биылғы жартыжылдықта нақты түсім 38,1 млн. теңге болып, былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 24%-ға көбейді.

Кентте 464 шағын кәсіпкерлік субъектілері жұмыс жасайды. 2 ак-

ционерлік қоғам, 42 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 399 дара кәсіпкерлер, 21 шаруа қожалықтары тіркелген.

Оның ішінде, нақты жұмыс жасап тұрғаны 460 нысан, яғни 99 пайызы жұмыс жасап, кәсіпкерлер тарапынан салық 100% түсіп тұр.

2025 жылдың 6 айында 79 кәсіпкерлік субъекті тіркеліп, 81 тұрақты жұмыс орны ашылды. 10 мың адамға 100 жұмыс орнын құру межесі орындалды.

2025 жылы 6 айында «Бизнес-Бастау» бағдарламасы аясында 13 тұрғын оқу курсы аяқтап, 6 тұрғын 9,4 млн. қайтарымсыз грант иегері атанды.

2025 жылдың 6 айында жалпы құны 154,7 теңгені құрайтын 7 жоба қаржыландырылды.

«Байқоңыр ӘКК» АҚ арқылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жалпы құны 24,6 млн. теңгені құрайтын 3 жоба қаржыландырылды.

Мәселен жеке кәсіпкер «Маханова Несібелінің» асыл тұқымды уақ мал жобасына 9,8 млн. теңге, жеке кәсіпкер «Белгибаев Нұржанның» асыл тұқымды уақ мал жобасына 5,0 млн. теңге, жеке кәсіпкер «Нұримбетов Нұрболдың» асыл тұқымды МІҚ жобасына 9,8 млн. теңге берілді.

«Аграрлық Несие корпорациясы» арқылы «Іскер» бағдарламасы аясында «Ержанов Қанаттың» жалпы құны 6,2 млн. теңгені құрайтын асыл тұқымды МІҚ жобасына 6,2 млн. теңге берілді.

«Микробизнес-Қызылорда» бағдарламасы аясында «Өңірлік инвестициялық орталық» микроқаржы ұйымы арқылы ЖК «Алдашова Аяулымының» ауыр жүк көлігі техникасын сатып алу жобасына **9,3 млн. теңге берілді.**



«2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба» аясында екінші деңгейлі банктер арқылы жалпы құны 114,6 млн теңгені құрайтын 2 жоба қолдау алды. Атап айтар болсақ «КЗО ЕТ» шаруа қожалығы ет өнімдерінің өңдеу және консервілеу жобасына құрал-жабдық алу үшін 100,0 млн. теңге, ЖК «Төребекова» айналым қаражатын толықтыруға 14,6 млн. теңге бөлінді.

31 тұрғын ақылы қоғамдық жұмысқа, 1 жас жастар тәжірибесіне тартылды.

Әкімдер елмен кездескенде тұрғындар көптеген ұсыныстар айтады. Сол ұсыныстар бойынша «Батыс Қытай-Батыс Еуропа» автожолының бойындағы «Лиза» бейітін қоршау

жұмыстары толығымен аяқталды. Сондай-ақ қала әкімінің қолдауымен кенттегі көпқабатты №1, 11, 12 үйлердің шатыры жөнделді. Осы үйлердің ауласын абаттандыру жұмыстарына 15 млн. теңге қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Белкөл кентіндегі Жерұйық, Путьцев түйығы, Әбдіқадыров 6, Әбдіқадыров 4, Әбдіқадыров 2, Әбдіқадыров 9, Әбдіқадыров түйығы, Әбдіқадыров 5 көшелерін күрделі жөндеу жұмыстарына 169,4 млн. теңгеге «Құрылыс Бизнес и К» ЖШС-гі арқылы асфальттау жұмыстары жүргізілуде.

Кенттегі Жерұйық, Путьцев түйығы, Әбдіқадыров №1,2,9 көшелері, Әбдіқадыров түйығы, Бірқазан елді мекеніндегі Көкжиде көшелеріне түнгі жарық шамдары орнатылуда.

Алдағы уақытта Орталық көшесіне аяқ су жүргізу мәселесі бойынша осы көшеге қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу үшін 254,9 млн. теңгеге жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде. Көшені жаңартқанда аяқ су мәселесін шешу де жоспарда бар.

Белкөл кентінен мәдениет үйін салу тұрғындардың көптен бері айтып келе жатқан талабы. Өзірге клуб ғимаратына жер телімі белгіленіп, жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптама қорытындысы алынған. Облыстық құрылыс басқармасы арқылы облыстық экономика және қаржы басқармасына 604 млн. теңгеге бюджеттік өтінім берілді.



## ЖЕРДІ ЗАҢСЫЗ ИЕМДЕНУГЕ БОЛМАЙДЫ

Биыл Қызылорда қаласының бас жоспарының қолдану мерзімі аяқталады. Соған байланысты жоспарды жаңалау мақсатында өткен жылы әзірлік шаралары басталды. Сызба жұмыстарын ашық конкурс арқылы жеңімпаз атанған Алматы қаласының «Казипроград» 1 жобалау институты» ЖШС жүргізуде. Жобаның 1 кезеңінде жоспардың концепциясы жасақталса, бүгінде жобаның 2 кезеңі басталып, жобалаушы мекеме тарапынан Бас жоспарды әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек, Тасбөгет кенті, Қызылжарма ауылдық округі, Досан ауылының Бас жоспарын әзірлеу қолға алынған.

Қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Дінмұхамбет Сырлыбаевтың бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне І жартыжылдықта салада атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар бойынша баспасөз конференциясындағы хабарламада айтылғандай аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес қала аумағындағы ғимараттардың сыртқы келбетін ретке келтіру, абаттандыру, жерді мақсатсыз пайдалану және заңсыз құрылыс жұмыстарын болдырмау мақсатында қала әкімдігі жанынан құрылған арнайы жұмысшы топ бақылау шараларын жүргізуде. Есепті кезеңде 158 нысанда заңбұзушылық анықталған. Атап айтқанда, «Айзада Плаза» СУ-нің қосымша құрылысы және «Қызылорда» қонақ үйінің екінші қабатынан салынған терасса құрылысы, Астана даңғылы мен А.Иманов көшесінде қиылысындағы артық қоршау және Н.Лиясов көшесінің бойындағы жазғы кафе бұздырылды. Ал, мемлекеттік меншіктегі жер телімдерін заңсыз иелену фактілері бойынша жер қатынастары саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп отырып, 77 құқықбұзушылық анықталды. Мәселен, тиісті рұқсат қағаздарын ресімдемей И.Журба көшесінің бойындағы қызыл сызықпен қаптатса салынған көлік жуу ғимараты мен Иса Токтыбаев көшесі бойындағы сауда нысаны соттың шешімі негізінде бұзылған.

Бұдан бөлек Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске және аббатандыру қағидаларына сәйкес заңсыз мемлекет жерін иеленген, мемлекет мүлкіне зиян келтірген, өз бетінше құрылыс жұмыстарын жүргізген, ортақ пайдалану аймағын ластаған тұлғаларға қатысты 954 хаттама ресімделген.

## СПОРТТА ДА МЕЖЕ БАР

Қызылорда қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі басшысының міндетін атқарушы Думан Бодықовтың баспасөз конференциясында айтқан мәліметі бойынша есепті мерзімде қалада бұқаралық спорттық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес 70 спорттық іс-шара өтіп, оған 5 мыңға жуық адам қатысты.

Жастардың бос уақытын тиімді пайдалану және бұқаралық спортты дамыту мақсатында бөлімге қарасты Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы спорт клубында спорттың 11 түрінен үйірме жүргізілуде. Аталған үйірмелерде 1396 қала тұрғыны тұрақты негізде спортпен шұғылданауда. Осы үйірмелердің спортшылары спорттың парапаэрлифтинг, қоян-қолтық ұрыс, грэпплинг түрлерінен жарыстарға қатысып, жүлделі І, ІІ, ІІІ орындар алып, нәтижелі жетістіктер көрсетуде.

- Қала тұрғындары мен қонақтары үшін негізгі туристік аймақтың бірі – демалыс орындары. Қала аумағында 15 демалыс орны жұмыс істейді. Қазіргі уақытта «Сыр самалы» кешенінде реконструкция жұмыстары жүргізіліп жатса, ашық



су айдыны – «Көксу» аймағы жағажай талаптарына сәйкестендірілуде. Сондай-ақ, «Эдельвейс» қалалық жағажайы да өз қызметін бастады. Суға шомылу маусымында қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қаладағы барлық жағажай нысандарына тұрақты бақылау орнатылған. Бұдан бөлек, қалада туристік қызметті қамтамасыз ету бойынша 13 турагенттік ұйымдастыру қызметімен айналысады, - деді Думан Қонысбекұлы.

Жалпы, бұқаралық спорт түрлерімен жүйелі айналысу көрсеткіші өткен жылы 155 755 адамды құрап, меже 43,1%-ға орындалды. Биыл бұл межені жоғары көрсеткіште сапалы орындау - бірінші кезектегі негізгі міндет.

## БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫ ҚОЛДАУДА ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУДЫҢ РӨЛІ

Ұлттық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерді негізге ала отырып, барлық елдер өз шындықтарына бейімделген халықты әлеуметтік қорғаудың меншікті жүйелерін құрады.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда әлеуметтік қамсыздандырудың көп деңгейлі жүйесі, оның ішінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі арқылы кешенді қамтамасыз етілетін халықты халықаралық стандарттарға сәйкес әлеуметтік қолдау жүйесі құрылды.

Өз кезегінде Әлеуметтік кодекстің 9-тарауында қарастырылған отбасыларды әлеуметтік қорғау шаралары маңызды орын алады. Олардың қатарына бюджет қаражаты есебінен берілетін базалық мемлекеттік жәрдемақылардың түрлері және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (Қор) төленетін әлеуметтік төлемдер кіреді.

Қазақстанда 2005 жылы енгізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі бастапқыда әлеуметтік тәуекелдердің үш түрін қамтыды: еңбекке қабілеттіліктен айрылу, асыраушысынан айрылу, жұмысынан айрылу.

Жұмыс істейтін әйелдердің мүдделерін қорғау мақсатында 2008 жылдан бастап міндетті әлеуметтік сақтандыру ана болу мен бала күтіміне байланысты қосымша екі әлеуметтік тәуекелмен толықтырылды.

ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс істейтін әйелдерге жүктілігі және босануы бойынша әлеуметтік демалыс беріледі. Мұндай демалысты ресімдегеннен кейін болашақ ана жүктілігіне және босануына байланысты табысынан айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау үшін Қорға жүгінеді.

Аталған біржолғы төлемнің мөлшері әйелдердің соңғы 1 жылда әлеуметтік аударымдар Қорға төленген орташа айлық тәсіліне байланысты. 2025 жылдың 5 айында Қызылорда облысы бойынша шамамен 5,0 мың әйел адам 6,1 млрд.теңге сомаға осындай төлем алды және тағайындалған төлемнің орташа мөлшері 1,3 млн. теңгені құрады.

Бүгінгі күні бала туған кезде ата-аналардың біреуі еңбек қызметін жүзеге асыруына қарамастан, бала тууға арналған мемлекеттік жәрдемақыны бюджет қаражаты есебінен алады, оның мөлшері бірінші, екінші, үшінші балаға - 38 айлық есептік көрсеткішті (АЕК), ал төртінші және одан да көп балаға - 63 АЕК құрайды.

Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сәйкес, соңғы 5 жылда Қызылорда облысы бойынша 104,7 мың бала, оның ішінде 2024 жылы 18,5 мың бала дүниеге келді.

Бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты

кірісінен айырылу жағдайы бойынша Қордан төленетін әлеуметтік төлем әрбір балаға жеке тағайындалады. 2024 жылда аталған төлемді Қызылорда облысындағы *жаңа туған балалары бар отбасылардың 79,3 %-ы* алды.

2025 жылдың 5 айында бұл төлем Қызылорда облысындағы 5,6 мың адамға тағайындалды, ай сайынғы орташа мөлшері 81,1 мың теңгені құрады. Төлем 8,4млрд. теңге сомасында жүргізілді.

Осылайша, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар бала туғанға дейінгі соңғы 2 жылда Қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық кірістің 40% -ы мөлшерінде төлемдерді ала алады.

Бала күтімі бойынша демалыс кезеңінде ай сайын әлеуметтік төлем алып отыратындар үшін міндетті зейнетақы жарналарының (МЗЖ) түсуі жалғастырылатынын атап өтеміз. Біржолғы және ай сайынғы әлеуметтік төлемдерден 10% мөлшерінде МЗЖ ұсталынып, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылады. Сондай-ақ, бала күтімі кезеңінде зейнетақы жинақтарының толыққанды қалыптастыру мақсатында мемлекет міндетті зейнетақы жарналарын қосымша субсидиялайды.

Мемлекеттік қызметтер көрсету бөлігінде Қор цифрлық сервистерді белсенді енгізуде. Осылайша, Қордан тағайындалатын әлеуметтік төлемдерге дәстүрлі жолмен - «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының (*бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация*) бөлімшелері арқылы да, электронды түрде де үйден шықпай-ақ жүтін алады.

Мысалы, жүктілікке және босануға байланысты біржолғы төлемді тағайындау үшін egov.kz электрондық үкімет порталы немесе Мемлекеттік корпорация бөлімшесі арқылы, ал бала күтімі бойынша ай сайынғы әлеуметтік төлемге - egov.kz электрондық үкімет порталы, екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшалары немесе Мемлекеттік корпорация бөлімшесі арқылы жүгінуге болады.

Сондай-ақ, әлеуметтік төлемдер sms-хабарламамен растау жолымен әлеуметтік төлемдерді алу құқығын іске асыруға өтініш берушінің келісімін алу арқылы проактивті түрде тағайындалуы мүмкін.

Төлемдерді тағайындау кезінде Қордың филиалдары құжаттардың (мәліметтердің) дұрыстығын тексеріп отырып отырып жөн. Осыған байланысты, әлеуметтік аударымдардың уақтылы және толық төленбеген, МЗЖ сомалары төленген кірістің әлеуметтік аударымдарға сәйкес келмеген жағдайларда Қор алынған материалдарды қайта ресімдеуге



жібереді. Мұндай жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 30 жұмыс күніне дейін ұзартылады. Бұл кезең тиісті мемлекеттік органдардан, жұмыс берушіден және басқа да ұйымдардан қажетті қосымша мәліметтер алу үшін қажет.

Осыған байланысты жұмыс істейтін азаматтар жұмыс берушілердің олар үшін әлеуметтік аударымдарды Қорға төлеу фактілерін тексеріп отыру маңызды.

Мұндай ақпаратты egov.kz электрондық үкімет порталы (*Басты бет/Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту/Міндетті әлеуметтік сақтандырудың әлеуметтік аударымдары туралы ақпарат*) немесе екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелеріне немесе Қордың филиалына жеке басын куәландыратын құжатпен жүгіну арқылы алуға болады.

Бүгін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне Қызылорда облысы бойынша шамамен 195,1 мың жұмыс істейтін азамат қатысады, оның ішінде 2025 жылдың 5 айының қорытындысы бойынша 48,6 мың адам Қордан әлеуметтік төлем алушылар болып табылады.

Қор цифрлық сервистерді дамытуды және төлемдерді алуын қолжетімділігін қамтамасыз ететін жалғастыруда. Республика бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 70%-нан астамы электрондық форматта ұсынылады, бұл процесті жылдам және ыңғайлы етеді.

Қор қызметінің стратегиялық бағыттары барлық жүйенің орнықтылығына, қаражатты пайдаланудың тиімділігіне және халықаралық стандарттарға сәйкес келуіне бағытталған.

Осылайша, міндетті әлеуметтік сақтандыру әлеуметтік қатер туындаған кезеңде, сондай-ақ бала туу және оның күтімі сияқты маңызды кезеңдерде қазақстандықтарды әлеуметтік қолдауды жүзеге асыруға өз үлесін қосуда.

*Қызылорда облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалы*



— Сапар, сен маған сұрақ қойшы, — деді жай ғана.

— Есітіп отырсың ба, сұрақ қойшы деймін.

— Сұрақ? Менің сізге қояр сұрағым жоқ.

— Ешқандай да сұрағың жоқ па?

— Ешқандай да.

— Онда мен секілді аспанға қарашы.

— Ол жақта сұрақ көп пе екен?

— Айтшы, сонау көз ұшында жымындаған жұлдыздар мәңгілік пе?

— Мәңгілік делік. Оның бұл араға қандай қатысы болуы мүмкін?

— Иә... Ол жұлдыздар мәңгілік! Олар мәңгі жасайды.Бұдан сан миллиард жылдар бұрын тап осылай жымындап тұрған, әлі тұр. Бұдан кейін де тұра бермек. Олар сан жетпес ұлы оқиғалардың куәсі. Ой! Олар қандай бақытты еді шірікін! Ал, біз ше? Елу

қандай қызық көрдім мына жалғаннан? Жас шағымда оқи алмадым — білімім шамалы, жар сүйоден жолым болмады, малына киініп, жарқырап та бір жүрген емеспін. Жас кезімде бақытты екенмін. Иә, сол кездегі қайғының өзі бақыт қой. Тез ұмытасың. Өйткені, бар үмітің ертенгі күнде. Ал, менің жасымда бәрі уайым, бәрі қайғы. Тіпті, есіктен күнде сығалай берген бақыттың өзі қайғыға айналып кетеді. Алдында не бар? Ол да алақандағыдай ап-анық. Сүренсіз, күйкі тіршілік. Ертенгі ататын таңың бүгінгі батқан күннен бір де бір айырмашылығы жоқ. Мен оны аяймын, иә, өте аяймын. Бірақ, жалғыз ғана аяушылық жарасымды өмір сүру үшін аз ғой, мүлдем аз ғой! Жарайды, мен онымен мәңгілік бірге қала қояйын, одан не түсті? Бәрібір сол тұрмыс, сол қаракет емес пе?

қолымен қолтығына қысты да, мықтап ұстау үшін жоғары сілкіп-сілкіп қалды. Сол кезде мен оның қасына келіп, қолындағы сатысын ұстадым.

— Құлахмет ағай, түн ішінде әуре боп қайтесіз?

— Жо-жо. Айттым бітті. Мен алған бетімнен қайтпаймын. Жібер, жібер, мені Сапар!..

— Құлахмет, жетер енді. Алманың бізге қажеті жоқ!..

— Сенің... сенің деңіз сау емес шығар, Сафура! Үйге келген қонақты сыйласаң етті...

— Ол қонақ емес.

— Мәссаған, сөзіңе болайын сенің. Сонау жер түбінен келіп отыр, ол қонақ емей мен қонақ боламын ба? Айтыңызшы, Смағұл Толыбаевич, солай емес пе?

Смағұл болар-болмас қана басын

# ПҒЕРІ МЕН ПҒЕРІШТЕ

Д.ИСАБЕКОВ

жыл, мейлі, жүз жыл бола-ақ қойсын, тіпті кісі күлерлік үлес емес пе?

Ол иығын бүлк еткізіп, миығынан күліп қойды.

— Елу жыл! Кейбіреулер аспан астындағы тіршіліктің қыры мен сырына қанықпай жатып-ақ қыршып кетеді. Елу жыл! Бұл не? Міне, мына жапырақтар төбемізден төгіліп тұр. Елу жылда осындай жапырақтарды елу-ақ рет көресің, елу-ақ рет қар басасың. Сол да үлес пе? Адамға келгенде жомарт табиғат қандай сарандық жасаған еді! Ал жұлдызда-ар!..

Ол тағы күрсінді.

— Олар бақытты!..

— Сіз қайдағыны айтып қайғырмаңыз, Сафура апай. Сонау көктегі жұлдыздарда неміз бар, жердегі тіршілікті әңгіме етейік те.

Ол бұл жолы менің «Сафура апай» деген сөзіме көңіл бөлген жоқ.

— Сен сонша неге асығып отырсың? Мен саған бұл түнде тек жұлдыздар жайлы ғана айтқалы оңаша шығып отырған жоқпын, жердегі өмір жайлы — өз өмірім жайлы сырымыз ақтармақпын. «Бұл қалай болады» деп сенен ақыл-кенес те сұрамаймын. Иә-иә, тіпті, сөйлеспей-ақ қоюы-ма болар еді. Жер бетіндегі әрбір адам өз қалауынша тіршілік етуі керек қой. Айттшай, мен туралы дәл қазір не ойлап отырсың?

— Ештеңе де.

— Ештеңе де? Өтірік, жалған!

Ол ахахалап күліп алды.

— Менен ойындағысын жасырмақ болады! Ол үшін сен жасысың, қабілетсізсің. «Ештеңе де!» Қалайша ештеңе де ойлаймысың? Бір кезде ұстамдылығыңн сезімге тұтқындап беріп, айлы түнде сен жатқан пайлаға енген, онысымен тұрмай «Сафура» деп атауыңды өтінген әйелді, енді келіп өз үйіне жат адамды, жаңа жарын ертіп әкелген бейәдеп мына мен жайлы тұк те ойламай отырмын деуің... тіптен балалық! Білемін, мен бәрін де білемін. Мені опасыз деп ойлап отырсың, жек көресің. Өйткені, мен сенен әлдеқайда үлкенмін, сондықтан мен саған қарағанда әлдеқайда ересек, ұстамды, кексе адамды ұнатамын. Сен маған іштей қызғасың, іштей мені қызғанасың. Ерекк атаулының бәрі де сұлуға қызығады. Әдемілік — барлық адамның басындағы қасиеті емес. Ал сұлулыққа қызығу нәпсіқұмарлықтың кепілі бола бермейді. Жер бетінен әдемілік жойылса адам басындағы тіршіліктің мәні мен мағынасы да қалмас еді. «Маған қызғасың» дегенге намыстанып та отырған шығарсың. Бекер шамданасың. Егер маған шын қызықпайтын болсаң, онда сен маубассың.

— Сафура апай, мен сіздің мұныңызға төзе алмаймын!

— О-о, сен қызуқанды екенсің. Бірақ, бұл жолы қызулыққа салынуыңн орынсыз. Жарайды, қалсын бәрі де. Айтшы, осы менің өзге біреуді сүйоге қакым бар ма?

— Сіз мыны өзіңізден сұраның, Сафура апай. «Құлаққа жақындаған әйелдің өз күйеуін аттап өтіп, өзге біреуге қол созуы мүмкін бе, мүмкін емес пе?» деген сауалға сияқшан жауап әзірлеген емеспін. Оның үстіне менің берген жауабым сіз үшін маңызды бола қоймас, болуы да мүмкін емес. Қайдағы бір пәтерші жігіт осылай деп еді деп, сіз де алған бетіңізден қайта қоймассыз.

— О, міне-міне, бұл ақылды жауап! Демек, менің еркім бар!.. Сен мені тыңда. Сапар, шын ықласыңмен тыңдашы. Мен — әйелмін. Және жаман да емес сияқтымын. Мен өзге біреуді сүйе аламын, өз күйеуіме адал болуға да шамам жетеді. Осы кезге дейін адал болдым да. Мен оны, Құлахметті айтпаймын, барынша аяй келдім. Бүкіл өн бойымдағы қабілет пен жүректегі сезімдім сарқылып қалған күннің өзінде де қос қолыммен аямай сығып, қактай пайдаландым. Енді ол да таусылды. Кейде өзіме-өзім сұрақ қоямын. Не білдім,

Менің онымен мәңгі тұруым екеуімізге бақыт әкеле ала ма? Ол да, мен де күлкісіз, жылысуыз ғұмыр кешеміз. Екеуіміз де бірдей бақытсыз болғанша, біріміз неге бақытты болмаймыз?

— Сіз Құлахмет ағаймен ажырасып, бақытты бола алатыныңызға көміл сенесіз бе?

— Мен өмірден көпті талап етпеймін, өз үлесімді ғана талап етемін. Басқаның маған қажеті жоқ.

— Сонда сіздің даулап отырған өмірдегі үлесіңіз Құлахмет ағаймен ажырасу ма? Және онымен арқан кесіскеннен кейінгі ұстайтын жібіңіздің «өз үлесіңізге» жеткенше үзіліп кетпей жетектей беретініне көзіңіз жете ме?

— Жетеді.

— Дұрыс-ақ, солай болсын делік. Сіз бас қамыңызды ойлап, жасыңыз қырыққа жетпей тұрған сәтте, аман-есен арғы беттегі өзіңіз туылғаннан бері сарғайып күтіп жатқан «үлесіңізге» жеттіңіз. Сонда бергі бетте қалған Құлахмет ағайдың кісі аярлық халіне ірістей де қабырғаңыз қайыспай ма? Адам баласы елу-алпыс қана жасайды екен деп әлгінде өзіңіз айттыңыз. Қазір отыз жетідесіз. Енді жиырма шақты жыл ғана уақыт қалыпты. Сол қалған санаулы жылда «арғы бетке» өту үшін жанталаспай-ақ, мына өмірдегі бір адамды қара жерге тірідей көмбеудің амалын қарастырсаңыз қайтеді? Бұл сіз үшін ақыретте де жаман болмас еді. Қате айтсам кешіріңіз, меніңше, сіздің Смағұлыңыз да өмірден «өз үлесін» талап етіп жүрген жанның бірі ғой шамасы. Ол «арғы бетке» жеткенше еңтігіп қалмай ма?

— Сен өйгіп келеке етпей сөйле! Мұндай келекен үшін мен сені пәтерден бүгін-ақ шығарып жіберемін.

— Оһо, сіз мені қатты қорқыттыңыз ғой. Онда, бұл сіздің әлсіздігіңіз, жеңіл-тектігіңіз болар еді және мен сіздерге соншалықты танылып қалған жан емеспін ғой, басқа жерден де пәтер тауып алуыма болады. Оның үстіне, сіздің мені пәтерден шығарып жіберуіңізге қақыңыз жоқ. Сіз Құлахмет ағайдың үйінде билік айтудан қалғанысз.

— Жетті доғар! Басынған екенсіңдер әбден. Әлі де болса үй менікі, керек десендер, сабақты жіп қалдырмай бәрін алып кетемін!

— О-о, мұныңызға сенуге болады.

\*\*\*

Біз үйден тату шығып, бату қайттық. Сафура қақпаға жеткенше жұмған аузын ашпады. Есік алдында бізді Смағұл мен Құлахмет ағай күтіп алды.

— Туу, көгершінім-ау, тым көп кешіктің ғой. Таң болса ағайын деп келе жатыр. Суық тиіп қалады ғой саған. Не болған өзіңе, дірілдеп кетіпсін ғой, жайшылық па, жаным-ау?!

— Босат қолымды!

Ол Құлахмет ағайды итеріп тастап, Смағұлға ұмтылды. Құлахмет ағай тәлтіректеп барып, бір қолымен қабырғаға сүйеніп әзер құламай қалды.

— Смағұл, бол, жинал тез! Жүреміз!

— Жүреміз?.. Сафура, жаным-ау, ол не дегенің?

— Қайда жүрмексің? Сапар, Смеке... туу, Смағұл Толыбаевич, айтыңыздаршы, ол қайда жүрмекші?

Құлахмет ағай Смағұлдың қарсы алдына кеп, одан көз алмай тұрып қалды. Смағұл жауап беруге тайсалып, теріс айналып кетті.

— Сафураш-ау, сен сырқаттанып тұрсың ба? Жүрейік дегенің қалай, қайда жүрмексің? Отырсаңшы, демалсаңшы сәл ғана. Мен сендерге арнап балдай етті қызыл алмалардан жұлып қойып алдым ғой. Ол ескіріп кеткен болса тағы да жұлып әкелейін. Оның маған ешқандай да қиындығы жоқ. Мен ағаш басына өрмелеп шығамын да... жок-жок, сенде алма жүлуға арналған саты бар екен ғой, міне қазір!..

Ол сарайға сүйеуді тұрған сатыны бір

изеді де, жанарын одан тез тайдырып әкете қойды. Оның жүзі бірде сұрланып, бірде қызарып, саусақтарынын дірілдеп тұрғанын байқап қалдым.

— Айттым ғой мен саған ол қонақ емес деп! О, сорлы ол... ол - менің күйеуім!.. Естідің бе, жетті ме енді, ол - менің күйеуім!..

Сафура қолымен бетін басып, теріс айналды. Құлахмет ағай тас мүсінше қатты да қалды. Екі көзі шарасанан шығып, жоғары қараған қалпы қалшып тұр. Өлі тыныштық. Мұнан әрі қымс етіп үн шығаруға ешкімнің батылы жетер емес. Сәлден соң Құлахмет ағайдың қолтығындағы саты дүрс етіп жерге түсті... «Мейірімсіздік қой, жүрексіздік қой бұл, Сафура, — деймін іштей. Тым болмаса Құлахмет ағаймен айырылысудың мұнан өзге жолын таңдасаң етті. Мейірімсіз, тас жүрек!» Даусымның шығып кеткенін байқамай да қалыппын.

— А-а, сен бірдеңе дедің бе Сапар? Тас жүрек? О не деген сөз? Алжаған миды қойсайшы бұл! Сен, Сафура-ау, әлгінде не дедің? Иә, күйеуім деген екенсің ғой. Жөн-жөн... Смағұл Толыбаевич, кешірерсіз, қайдан білейін мен... Сізді жай қонақ екен деп... Айтпақшы, қазір жүресіздер ғой. Өрине, кететін болған соң, ертерек кеткен дұрыс... Апырмай, тым құрыса бір күн қонап кетпей. Асығысыздар ғой. Өббетте, бұ күндегі адамның бір минут артық уақыты бар дейсің бе? Ал, жиналындар. Сафура-ау, сен неге тұрсың селтіліп, Сапар, Смағұл Толыбаевич! Сіздерге не болған түте, әріс көргендей маған қадалып қалғандарын қалай? Жиналындар ертерек. Апырмау десенші, тілің мен жағьға сүйеніп, өзің нағып тұрсын демейді-ау маған ешкім.

Ол тез-тез басып үйге кірді. Сәлден соң біз де кірдік. Құлахмет ағай кереует астынан чемоданын алып, қағып-қағып жіберді де:

— Міне, мынаған бар ғой, дүниенің мүлкі сыды, қалғандары ана екеуінен артылмас, — деді.

Мен Сафураның қасына келіп:

— Алған бетіңізден әлі де қайтпайсыз ба? — деп сыбырладым.

— Жоқ, - деді ол жұлып алғандай.

— Жоқ, жоқ, жоқ!

Сафура ілулі тұрған киімдерін алып, чемоданға қарай ызалана, долдана лақтыра берді. Ол ақ-қарасын ажыратып жатқан жоқ, қолына түскен заттың бәрін салып жатыр. Бас-аяғы ширек сағаттың ішінде олар жиналып бітті. Құлахмет ағай құрақ ұшып жүріп қара чемоданды толтырды да, қалып қойғандары болса басқа чемоданға тез-тез асығыс салып жатты.

—Туу, маған не көрінген бұл? Сапар, Нәзікетіме деп алған қып-қызыл ленталар мен қойлектерді қайда қойып едім осы? Құдай-ау, Сафураға да алған туфли бар екен ғой, есінде ме, өкшесі біздей. Сәл болмағанда ұмытып кете жаздаппын-ау. Ә-ә, енді есіме түсті.

Құлахмет ағай өз болмесінен ақ матаға оралған заттарды алып шығып, чемоданға сала бастады.

— Сендерді әні келеді, міні келеді деп көп күттім ғой, қуантуға асығып едім ғой мен! Мейлі дә... қайтемін... Менің Нәзікетім биыл оқуға барады. Құлыным менің! Мына қойлектер мен ленталарды көргенде қандай қуанар екен ол!. Ал, енді жүріңдер...

Осы бір сәт менің көз алдымнан әлі кетер емес. Арада қанша жыл өтсе де дәл жаңа ғана болып өткен оқиғадай жадымда берік сақталып қапты. Құлахмет ағай төңесіліп тұрды. Ол ешқайсымызға қараған жоқ. Өкпе-бауырын әлдекім білдірместен суырып алып жатқандай көзін жұзып үңсіз қалыпты. Тыныс алғанды да сезімненді. Оның жүзінде әбіржу де, қайғыру да, опыну да жоқ, сүйікті Сафурасына, қатыгез Сафурасына деген реніші мен күйініші де жоқ, бәріне көнген, бәріне разы. Лапылдаған қайғысы мен күйініші,

бұрқанған намысы мен ызасы, ешқашан орны толмай өтетін азабы мен өксігі, бәрі-бәрі де мейірім мен ізгілік үшін ғана жаралған кеудесінде қамалып, тұншығып жатыр. Ол Смағұлды да, Сафураны да, ешкімді де кінәламайды, ешкімді де қаралап, қарғамайды. «Бұларың адамдық емес, хайуандық!» — деп даурықплайды да. Бәрін үңсіз көтереді, әл-қуатының жеткенінше шыдап бағады. Ет жүрегі суға түскен кесектей езіліп, жаншылып, ішкі дүниесіне қара қан боп тамшылап таусылғанша тәзіп бағады.

— Қане, жүрелік, - деді Сафура өлі тыныштықты бұзып. — Смағұл, сен нағып қалшып қалғансың, болсаңшы!

— Ә-ә, шынында да... мен өзі... япыр-ай, не боп барады бұл? Қане, Құлеке, қоштассақ па екен?



Ол Құлахмет ағайға жақындап қолын ұсынды. Бірақ, Құлахмет ештеңе сезбегендей үңсіз тұра берді.

— Қ-қош болыңыз, Қу-леке, - деді Смағұл. Үні дірілдеп әзер естілді.

— Қо-қош болыңыз!..

Олар үш чемоданды көтеріп, өлік шығарғандай үңсіз жүріп кетті. Үйде Құлахмет ағай екеуіміз-ақ қалдық. Ол әлі қимылсыз. Осылайша екеуіміз ұзақ тұрдық. Бір кезде сырттан дүрсілдеген адам аяғының дыбысы естілді де әлдекім есікті жұлка тартып, қатты ашып қалды. Мен селт етіп, келген адамға жалт қарадым. Бұл келген Смағұл еді. Ол еңтігіп, жүгіріп барды да, өлген адамдай әлі қалшып тұрған Құлахмет ағайдың тізесін құшақтап құлай кетті.

— Кешіріңіз, кешіріңіз мені! Бұлай болады деп мүлдем күтпеп ем. Керегі жоқ, керегі жоқ маған мұндай бақыттың. Естіп тұрсыз ба, керегі жоқ! Кеше көріңіз мені!

Құлахмет ағай оны ығынан ақырын көтеріп тұрғызды да, қолын жай ғана сілтеді.

— Барыңыз.

— Жо-жоқ, мен сізді мұндай халде қалдыра алмаймын, оған арым жетпейді.

— Барыңыз, - деді Құлахмет ағай оның сөзін бөліп. — Сафураны қорламаңыз. Барыңыз.

Ақырын айтылса да бұл сөздер өктем естілді. Смағұл оның алдында қалтырап ұзақ тұрды да, есік жаққа қарай шегіне берді. Ол шығып кеткен соң Құлахмет ағай: — Сен де бар. Шығарып сал, - деді күбірлеп.

Бұл сәтте оның дегенін екі ету мүмкін емес еді. Мен далаға сытылып шықтым да, олардың сонынан жүгіре жөнелдім. Көшеде жүргінішілер аз екен. Таң атып, маңай түп-түгел күміс нұрға малынып қапты. Алатаудың арғы бетінен қайнап шығып жатқан таң сәулесі бірте-бірте күшейіп, зәулім теректердің ұшар басына қонақтап жатыр. Көше-көшені қуалап, емін-еркін сайран салып жүрген жібек самал салқын алақанымен бетті аймалайды. Мен оларды екі көше өткен соң қуып жеттім. Сафура үлкен қайыңның түбінде қолымен бетін басып, жылап отыр екен. Екі иығы солқ-солқ етіп, ауық-ауық көз жасын бет ормалымен сүртіп қояды. Смағұл екі қолын артына ұстап, үңсіз тұр.

— Шығарып салуға келдің бе? - деді Сафура өздеріне жақындағанымда маған бетін бұрып.

— Иә.

— Керегі жоқ, әуре болмай-ақ қой. Біз кастерлеп, шығарып салуға тұратын жандар емеспіз.

— Адам жауына да құрмет көрсетеді, ал сіздер жау емессіздер, бақытын іздеген жансыздар ғой.

— Сен тым болмаса осы жолы келеке етуіңді қойсаң етті... Сорлы Құлахмет...

Сафура егіліп жылап жіберді. Бұл жолы оның даусы қаттырақ шықты.

— Сен... сен мені мазақ етпе. Мен... онсыз да тағдырдың тәлкегіне ұшыраған әйелмін. Ой, құдай-ай, маған арнаған сыбаған—көз жасы мен азап қана ма еді?!.. — Сафура апай, жыламаңызшы, көше-дегі кісілерден ұят болар, одан да жүре сөйлесейік.

— Сөйлесетін ештеңе де қалған жоқ, - деді ол енесен көтеріп. Сонан соң Смағұл-ға бұрылды.

— Сен әлі кетпегенсің бе? Жүре бер. Бірақ, мені кінәлама. Қайтейін, қайта айналып келмейтін бес күн жалғанның қалған санаулы сәттерінде тәттінің де дәмін татайын, көрейін қызығын деп талпынып едім, бәрі бекер екен. Ой, ақымақ басым-ай, десенші!.. жолыңнан қалма. Мен басқа поезбен кетейін.

Смағұл тапжылмады. Ол да қатты толқып, басында шырмауықтай шарпысқан екі ойдың қай жағына шығарын білмей дәл болып тұр.

— Сен, Сафура, Сафура, - деді бір

кезде ол ауыр бір күрсініп. — Сен оның осындай жан екенін бұрын айтсаң ғой!.. Егер оның орнында басқа біреу болып, өз бақыты, өз намысы үшін таласса, менің бетіме түкіріп, сенің шашыңнан сүйресе, бәрібір саған үйленген болар едім. Ондай адамдар қайғысын тез ұмытуға тырысып, арын аяққа таптап кеткен жандардан өзін биік, асқақ ұстап, қапыда айырылған сыбағасына қуанғандай, өмірден молырақ қарымта қайтаруға әрекет жасар еді. Ал, Құлахметті... Ол мүлде басқа жан. Оның жүрегіндей жүрек өмірде санаулы-ақ. Ондайларды кастерлеу керек, алақанға сап аялау керек!

— Сенің де ақылық түстен кейін кірген екен. Біреудің әйелін тартып алатын болған соң, күйеуінің қандай халде қалатынын білмеп пе ең? Сен ақпын, адамдық арымды

таза сақтап қалдым деп кетіп барасың ғой. «Кастерлеу керек, алақанға сап аялау керек, неге де болса сен үшін тәуекел етемін» деп жалбарынғаның қайда, бірге өткізген түндерді қалай ұмытасың? Сөйте тұрып, «аялау керек» деп шырынын сорған жемістей мені оған қайта лақтырып тастағалы отырсың. Мұның бәріне де өзің кінәлісің, Сафура. Сен маған әуелгі кезде күйеуім жоқ дегенсің. Әйтпесе, нем бар сен сайқалмен байланысып демексің ғой.

— О не дегенің, Сафура. Өзің жайлы бұлай деуге қалай аузың барады?

— Жоғал! Көрінбе көзіме, көлгірсудің маған қажеті жоқ, - деді Сафура ақырын, тістене сөйлеп.

Смағұл не істерін білмей абдырап қалды. Сафура орнынан тұрып оның қасына барып, көзіне тіктеп қарады.

— Әйеліңді таста деп азырған да мен бе? Екі балаңды тірі жетім етіп қаңғыртып жібер деген де мен бе? Қыр соным-нан қалмай, жатсам жастығым, тұрсам төсенішім бол деген де мен бе? Енді саған көңешім жоқ, өйткені үш ай бойы менен керегіңді алып тындың, енді бөлеге басыңды байлай бергің келмей, «аялау керек, кастерлеу керек» деп шыға келдің. Жүрегің езіліп тұрған мейірімді болсаң еңіреп қалған әйеліңе, екі балаңа неге жаның ашымады? Жоғалт, бағыр енді қараңды!

Смағұл «қош» дегендей еріндерін болар-болмас күбірлетті де жүріп кетті. Оның тұлғасы көзден таса болған кезде Сафура чемоданға отыра кетіп, ызалана жылап жіберді... Мен оның ығынан ұстадым.

— Сафура апай, жыламаңыз, басыңыз-ды көтеріңізші.

Ол ж







Қала күнделігі

## ЖАРЫҚ ЖАҢАРУДА



Қала тұрғындарын сапалы әрі үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында Қызылорда қаласында 2025 жылға бекітілген инвестициялық бағдарлама аясында электр жүйелеріне құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

«Қызылорда электр тораптары компаниясы» АҚ-ның пайдалануындағы электр желілерінің ұзындығы 10 504 шақырымды, қосалқы станциялардың саны – 2018 дананы құрайды. Бүгінде оның 30,15 шақырым болатын ӘЖ-10/0,4 кВ электр желілері жаңартылуда. Сондай-ақ, 1299 дана электр энергиясын есепке алу құрылғыларын жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Алдағы уақытта 2 жиынтық телемеханика жүйесі, ұзындығы 16 шақырым болатын ӘЖ-35кВ Л-33, Л-34 ПС – 220/35/10кВ «КТЭЦ»-ПС-35/10кВ «Шұғыла» әуе желісі жаңғыртудан өтеді.

## «КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ» ОҚУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУДА



Жаңа оқу жылында облыс орталығында Арай мөлтек ауданы және Қызылжарма елдімекеніндегі заманауи жабдықтармен қамтылған «Келешек мектептері» өз жұмысын бастайды.

Оқу кабинеттері, зертханалар, робототехника және креативті орталықтар, сондай-ақ оқушылардың жан-жақты дамуына арналған инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген. Қазіргі уақытта оқушыларды қабылдау жүргізілуде.

«Келешек мектептері» халықаралық деңгейде сапалы білім беруге, заманауи дағдыларды қалыптастыруға және шығармашылық әлеуетті дамытуға бағытталған. Қабылдау тәртібі мен талаптары туралы қосымша ақпаратты қалалық білім бөлімінен және хабарламада көрсетілген мекен-жайлар мен байланыс нөмірлері арқылы білуге болады.

## ЖАСТАР “МҰРАТБАЕВҚА” ТАҒЗЫМ ЕТТІ



12 тамыз – Халықаралық жастар күніне орай, «Qyzylorda Jastar Fest» мерекелік гала-концерті өтті. Мерекелік кеш шығыс жастарының жалынды жетекшісі болған Ғани Мұратбаев ескерткішіне тағзым гүлін қою рәсімімен бастау алды. Әрі қарай шара спорттық сайыстарға ұласып, концерттік бағдарлама аясында аймақтың үздік өншілері, би топтары көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Жастар арасында түрлі байқаулар мен заманауи би сайысының жеңімпаздары, жас таланттар және жастар саясатының дамуына үлес қосқан белсенділер қала әкімінің арнайы Алғыс хаттарымен марапатталды.

## МЕКТЕП ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТУДЕ



Облыс орталығында 5 тамыздан бастап «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында жергілікті тауар өндірушілердің қатысуымен мектеп жәрмеңкесі өтуде. Аталған жәрмеңкеге мектеп тауарлары мен оқу құралдары, сондай-ақ жергілікті тауар өндірушілердің мектеп оқушыларына арналған киім-кешектері нарықтағы бағадан төмен ұсынылуда. Жәрмеңке қыркүйектің 1-не дейін жалғасады.

Мекенжайы: А. Тоқмағамбетов атындағы Мәдениет үйінің маңы.

## ЖАҢА АУРУХАНА, СПОРТ КЕШЕНІ – ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР ТАЛҒАМЫ



Сенат депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, жауапты басқарма басшылары және облыстық мәслихат депутаттары Қызылорда қаласының сол жағалауындағы көпбейінді аурухананың және «Қызылорда Арена» спорт кешенінің құрылыс барысын көрді.

Бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы бар, 300 төсектік аурухана құрылысы республикалық бюджет есебінен қаржыландырылған. Бас мердігер «Мелиоратор», бас жобалаушы «ALTYN строй-проект, техникалық қадағалаушы «АДС САПА» серіктестіктері. Нысан 3, 5, 7 және 9 қабатты блоктардан тұрады. Жалпы жер аумағы 6,8 гектар, ғимараттың жалпы ауданы 57 333,7 шаршы метр. Құрылыс жұмыстары 2023 жылдың наурыз айында басталып, 2026

жылы аяқталуы жоспарланған. Қазір монолит плиталары құйылып, кірпіші қалануда.

«Қызылорда Арена» спорт кешені облыстық бюджет есебінен салынуда. Бас мердігер «ASPAN HOLDING, жобалаушы «Жоба», техникалық қадағалаушы «Строй-Проф» серіктестіктері.

Кешен 3 және 4 қабатты блоктардан тұрады. Жалпы жер көлемі 2,1 гектар, ғимараттың жалпы ауданы 25 540,67 шаршы метр. Құрылыс жұмыстары 2025 жылдың шілдесінде басталып, 2027 жылы аяқталады. Жаңа кешен өңірдің спорт инфрақұрылымын, бұқаралық спортты дамытуға, халықаралық деңгейдегі жарыстарды өткізуге мүмкіндік береді.

## ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ГРАНТЫ КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?



**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті:**

- Азық-түлік өнімдерін өндіру технологиясы - 2 грант
- Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы - 2 грант
- Су ресурстарын басқару - 3 грант
- Агрономия - 5 грант
- Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау - 1 грант
- Жерге орналастыру - 1 грант
- Кадастр - 1 грант
- Дәстүрлі музыка өнері - 2 грант
- Хореография - 1
- Құрылыс (құрылысшы-2, инженер-құрылысшы-2, жобалаушы-инженер-2)- 6 грант
- Электр энергетикасы - 6 грант
- Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері - 2 грант

**Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті**

- Дінтану және теология - 2 грант
- С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті
- Жалпы медицина - 8 грант

Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінде аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын өңірге қажетті мамандықтар бойынша (еңбек ресурстар балансына сәйкес) әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал топтарынан шыққан мектеп бітірушілеріне облыс әкімінің 42 гранты бөлінді.

Оның ішінде, Қызылорда қаласы және қалаға қарасты кенттер мен ауылдық округтердегі орта мектеп бітірушілеріне техникалық, ауыл шаруашылығы, агрономия, қызмет көрсету, энергетика, құрылыс салалары бойынша бакалавр академиялық дәрежесінде мамандарды дайындауға 34 грант, жалпы медицинаға 8 грант бөлінді.

Қазіргі таңда қала бойынша үміткерлерден құжаттар қабылдау жұмыстары қаладағы М.Әуезов көшесі № 2а ғимаратта орналасқан Қызылорда қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы 2025 жылдың 5-15 тамызы аралығында жүргізілетіндігін хабарлаймыз.

Бөлімге келіп толық ақпарат алуға болады. Байланыс телефондары: 40-04-81, 8 777 452 2611.

## ЗАҢСЫЗ САУДАҒА ЖОЛ ЖОҚ...



Қала әкімдігі жанындағы жұмыс тобы кейбір сауда орындарындағы ретсіз сауданы жою мақсатында рейд жұмыстарын тұрақты жүргізуде. Кезекті тексеру жұмыстары «Жаңа базар» сауда орнының аумағында жалғасып, сала мамандары заңсыз сауда қатарының арқаына байланысты кәсіпкерлерге түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Айта кету керек, жол бойында көше саудасына жол берілмейді. Мұндай орындар тауар сатуға арналмаған. Санитарлық тазалық сақталмайды, жаяу жүргіншілер мен көлікке кедергі жасайды.

Осыған байланысты жұмысшы топ жол бойында сауда жасайтын кәсіпкерлерге сауда-саттықты арнайы белгіленген жерлерде жүргізуі керек екендігін түсіндірді. Оларға қауіпсіз, заңды ортада жұмыс істеу қажеттігі ескертілді.

### «ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА» БАҒДАРЛАМАСЫ



#### КӨТЕРМЕ ЖӘРДЕМАҚЫ АЛУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ҚҰЖАТТАР

1. Нысан бойынша өтініш;
2. Жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
3. Білімі туралы диплом не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
4. Көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі.

### «ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА» БАҒДАРЛАМАСЫ



#### ТҰРҒЫН ҮЙ САТЫП АЛУҒА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТ АЛУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ҚҰЖАТТАР

1. Нысан бойынша өтініш;
2. Жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
3. Білімі туралы диплом не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
4. Көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі.
5. Неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлік не некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
6. Кредиттік бюродан есеп.

## ҚОҚЫСТЫ КӨП ЖИНАҒАНҒА ЖҮЛДЕ БАР...



Халықаралық жастар күні қарсаңында әуесжай – ПМК-29 бағытындағы саяжай жолында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы шеңберінде «Тазалықты сақта – болашақты қорға» атты экологиялық коқыс жинау сайысы өтті. Шараның мақсаты – жастардың экологиялық сауаттылығын арттыру, табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу, сондай-ақ қоршаған ортаның тазалығын сақтауға бағытталған еріктілер қозғалысын дамыту.

Сайысқа 100 жас қатысты. Олар 10 адамнан тұратын командаларға бөлініп, белгіленген аумақта тазалық жұмыстарын жүргізді. Әр командаға коқыс жинауға 1 сағат уақыт және 30 қап берілді. Қатысушылар 1 жарым тоннаға жуық коқыс шығарды. Қоқыс көлемі мен жұмыс сапасы арнайы бағалау критерийлері бойынша (жинау жылдамдығы, сұрыптау деңгейі, белсенділік және салмақ) есептелді.

Сайыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар алдағы қорытынды парадта марапатталатын болады. Жүлде қоры: I орын – 90 000 теңге, II орын – 70 000 теңге, III орын – 50 000 теңге.